



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Ирак Республикасының Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нizar Амидиді Ирак Республикасының Президенті болып сайлануымен құттықтады.

Қазақстан Президенті Ирак мемлекеті мен халқының жарқын келешегін қамтамасыз етуге бағытталған Нizar Амидидің бастамаларына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен өзара қолдау рухындағы ынтымақтастықтың одан әрі дами түсетініне сенім білдірді.

АҚОРДА

ҰЙЫМ АЯСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ



Президент ҰҚШҰ Бас хатшысы Таалатбек Масадыковты қабылдады.

Таалатбек Масадыков Қасым-Жомарт Тоқаевқа ҰҚШҰ Бас хатшысы лауазымындағы жоспарын таныстырды. Кездесуде Ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша, соның ішінде тұрақты жұмыс органдарының міндеттеріне қатысты көптеген мәселе талқыланды.

Мемлекет басшысы Ұйымды одан әрі дамытуға арналған бірқатар ұсынысын бөлісіп, Қазақстан тарапы ҰҚШҰ аясындағы ынтымақтастықты нығайтуға дайын екенін айтты.

ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫ ЖАЗ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН БА?

Жазғы маусымда туристік бағыттар бойынша теміржол рейстерінің саны көбейтіліп, қосымша пойыздар іске қосылады және вагондар саны арттырылады. Сонымен қатар туристік өңірлерге, оның ішінде субсидияланатын бағыттар бойынша ішкі әуе рейстерінің географиясы кеңейтіледі. Бұл туристердің қозғалысын жеңілдетіп, курорттық аймақтардың халық үшін қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

→ 4



ЫРЫЗДЫҚТЫҢ ТАМЫРЫ – ЖЕР, ТІРЕГІ – ЕҢБЕК

Аймақта жусан мен арамшөп басып игерілмей қалған жер мәселесі аса күрделі. Прокуратура мен құқық қорғау органдарының тексерістерінің нәтижесінде, өңірде 74,4 мың гектар егістік жер әлі де болса мүлде игерілмей бос жатқан болып шықты. Кей аудандарда бұл көрсеткіш тіпті жоғары: Ерейментауда – 77,5 мың гектар, Біржан сал ауданында 36,5 мың гектарға жетіп жығылған. Бұл – жай ғана статистика емес, пайдаланылмай жатқан мүмкіндік екені айтпаса да түсінікті.

→ 7

«ШАЛҚАРДА» ШАЛҚЫҒАН ҮН

«Шалқардың» тарихы, меніңше, «елім, жерім, халқым» деп өткен көптеген ұлтжанды азаматтың еңбегімен қалыптасты. Бұл – сол кісілердің жанкешті қызметінің нәтижесі деп білемін. Бір кездері біз тәулік бойы жұмыс істеген уақытты да бастан өткердік.



→ 5



ТҰРАН ТӘЛІМБАҒЫ

Теңіздің тартылуы өңірдің климаттық жағдайына да айтарлықтай әсер етіп тұр. Аймақта жылыну процесі байқалып, жазы аптап ыстыққа айналып, көктем мен күзде соғатын шаң мен тұзды дауылдар тұмса табиғатты лайлады. Мамандардың пікіріне сәйкес, Аралдан ұйытқып соққан тұзды дауылдар сол аумақтан асып түсіп, алыс аймақтардың да экологиялық ахуалына зор зардабын тигізіп жатыр.

→ 7



АЙТЫС – СӨЗ МАЙДАНЫ: ӘР АҚЫННЫҢ ӨЗ ҚАРУЫ, ӨЗ ЖОЛЫ БАР

Кейде ел ішінде абыройы асқан адамның билікке барып, сол беделімен-ақ нәтижелі жұмыс істеп кетеді деп ойлау – жаңсақ түсінік. Өйткені мемлекеттік қызметтің де, қоғамдық қызметтің де өзіндік жүйесі, талаптары қалыптасқан. Әрине, біз елге танымал тұлғаларға арқа сүйейміз, олардың биікте жүргенін қалаймыз.

→ 8

14 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ АРТА БЕРМЕК



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Франция Республикасы Сенатының Сыртқы істер, қорғаныс және қарулы күштер жөніндегі комиссиясы делегациясының басшысы Валери Буайемен кездесті. Тараптар ынтымақтастықты нығайту мәселелерін талқылап, парламентаралық өзара іс-қимылдың келешегіне және жаңа бірлескен жобалардың басым бағыттарына тоқталды.

Кездесу барысында палата Спикері меймандарға ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Франция арасындағы сындарлы әрі стратегиялық байланысқа жоғары баға берді. Сондай-ақ ол Франция Қазақстан-ның Еуропалық Одақтағы маңызды әрі сенімді серіктесі екенін айтты. Мәулен Әшімбаев екі мемлекет арасында, ең алдымен, жоғары деңгейде тұрақты саяси диалог жолға қойылғанын да ерекше атап өтті.

«Қазақстан мен Франция екіжақты ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша берік байланыс орнатып, нақты нәтижелерге қол жеткіздік. Бұл — ең алдымен, жоғары деңгейдегі сындарлы саяси диалогтың нәтижесі. Кейінгі үш жылда жоғары деңгейде маңызды сапарлар ұйымдастырылды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы

Токаев Францияға ресми және мемлекеттік сапармен екі рет барды. Франция Президенті Эммануэль Макрон 2023 жылы Қазақстанға ресми сапармен келді. Сол кездесулердің нәтижесінде екіжақты қатынастар берік стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілді. Осы орайда Сіздің бұл сапарыңыздың да маңызы жоғары. Біз Қазақстан мен Франция арасындағы парламентаралық байланысты одан әрі кеңейтуге мүдделіміз», — деп, Сенат Төрағасы заң шығарушы органдар арасындағы байланысты жандандыру мәселесі жөнінде сөз қозғалды.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев еліміздегі әлеуметтік-экономикалық, саяси жаңғыру үдерістеріне және республикалық референдумның қорытындысына назар аударды. Соның аясында

жаңа Конституцияның қабылдануы саяси жүйені жаңғыртудың және құқықтық мемлекетті нығайтудың маңызды кезеңі екеніне баса мән берілді.

Өз кезегінде Валери Буайе парламентаралық ықпалдастықты арттырудың маңызы жөнінде айта келе, Қазақстан мен Франция арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін тілге тиек етті.

Сұхбат барысында тараптар парламентаралық байланыстарды дамыту перспективалары жөнінде пікір алмасты. Атап айтқанда, достық топтары және Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы мен ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясы аясындағы өзара іс-қимыл мәселелері сөз болды. Сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық серіктестікті, білім беру, өнеркәсіп, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы сияқты салалардағы ынтымақтастықты кеңейту тетіктері назарға алынды.

Бұдан басқа, Сенат Төрағасы климат және су мәселелеріне қатысты күн тәртібі аясындағы ынтымақтастықтың, сондай-ақ жасыл экономика мен атом энергетикасы салаларындағы серіктестіктің маңызы туралы пікірін бөлісті.

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалық етуімен бюро отырысы өтті. Депутаттар палатаның 16 сәуірге жоспарланған отырысының және тұрақты комитеттердің көшпелі кездесулерінің күн тәртібін белгіледі.

ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ



Бюро мүшелері палатаның алдағы отырысында «Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы» заңды қарау туралы қаулы қабылдады. Оның нормалары Қазақстан—Тәжікстан ынтымақтастығын кешенді дамытуға серпін беруге бағытталған.

Шарт саяси, әскери, сауда-экономикалық, ауыл шаруашылығы, көлік-транзит, азық-түлік, өнеркәсіп, су-энергетика, экология, цифрландыру, білім беру, мәдени-гуманитарлық салалардағы және өңіраралық интеграциядағы ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді.

Палата отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасы мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заң да қойылып отыр. Оның негізгі мақсаты — екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестік пен ынтымақтастықты нығайту.

Заң Қазақстан—Британия ынтымақтастығын сапалы жаңа деңгейге шығара отырып, саяси, экономикалық, құқықтық, гуманитарлық және экологиялық өзара іс-қимылдың негізгі қағидаларын бекітеді.

Депутаттар сонымен бірге Мәжіліс бұрын қабылдаған заңдарды тұрақты комитеттер арасында бөліп берді және Сенаттың жұмыс жоспарын талқылады. Атап айтқанда, фермер шаруашылықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтеріне құқықтық тетіктерді дамыту, гидротехникалық құрылыстар, көпірлер мен бөгеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа салалардың қызметін жетілдіру мәселелері бойынша мүдделі тараптармен кездесулер жоспарланып отыр.

КӨЛІК-ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ ТУ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту бағытындағы тапсырмаларын орындау жөнінде кеңес өткізді.

Жиында инфрақұрылымды жаңғырту, цифрлық шешімдер енгізу және саланың ел экономикасындағы үлесін арттыру бойынша қойылған міндеттердің сапасы мен мерзімінде орындалуына назар аударылды.

Көлік министрлігінің деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша көлік және қоймалау саласындағы жалпы өнім көлемі 12,2 трлн теңгені құрады. Биылғы қантар-наурыз айларында саланың өсімі 12,8%-ға жетті.

Быттыр автокөлікпен ел ішінде 353 млн тонна жүк тасымалданды, «Қалбатау — Майкапшағай», «Талдықорған — Өскемен», «Атырау — Астрахан» және «Қарағанды — Алматы» бағыттары бойынша жалпы ұзындығы 2 мың шақырым болатын 4 ірі жобаның жұмысы аяқталды. Қазіргі уақытта «Ақтөбе — Қызылорда», «Бейнеу — Сексеуіл», «Орталық — Батыс», «Қарағанды — Жезқазған» және Сарыағаш айналма жолы бағыттарын қамтитын транзиттік дәліздерді дамыту жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, жол жөндеу жұмыстарының қамту көлемі 13 мың шақырымға жеткізілді.

ЕАЭО ішкі шекараларындағы автокөлік өткізу пункттерін жаңғырту аясында былтыр 2 учаскеде жұмыс аяқталды. Қазір 37 нысан құрылыс жұмыстарымен қамтылған, оларды толық аяқтау 2027 жылға жоспарланған.

Премьер-министр өткізу пункттеріндегі жаңғырту жұмыстарының баяу жүргізіліп жатқанын сына алып, қарқынның жоқтығын алға тартты. Барлық операциялық процесті жеделдету тапсырылды.

Транзиттік әлеуетті кешенді дамыту аясында теміржол көлігін дамыту мәселелері қаралды. «Қазақстан темір жолы»



ҰК деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша транзиттік тасымалдау көлемі 33 млн тоннаға жетті, бұл 2024 жылғы деңгейден 20%-ға жоғары. Транзиттік тасымал үлесі жалпы көлемнің 10%-ын құрады. 2026 жылғы қантар-наурыз айларында транзит тағы 14%-ға өсіп, 8 млн тоннадан 9 млн тоннаға дейін жетті, бұл ретте контейнерлік тасымал 6%-ға ұлғайды.

Кеңесте Транскаспий халықаралық көлік бағытын (ТХКБ) дамытуға назар аударылды. ТХКБ бойынша жеткізу мерзімдерін қысқарту, «Алтынкөл — Потти/Батуми» бағытында өтпелі тарифтер енгізу, Әзербайжан мен Грузиядағы серіктестермен цифрлық жүйелерді интеграциялау жұмыстары жүргізілуде. Қазір жалпы ұзындығы 3,9 мың шақырым теміржолда ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда, оның ішінде «Мойынты — Қызылжар» және «Бакты — Аягөз» желілерін салу, сондай-ақ «Алтынкөл — Жетіген», «Шалқар — Бейнеу», «Бейнеу — Маңғыстау» және басқа да бағыттар учаскесін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Олжас Бектенов «Бакты — Аягөз» теміржол желісінің құрылысы бойынша ресурстардың жеткіліксіз жұмылдырылғанын атап өтті. Нысандағы техника мен жұмыс күшінің жеткіліксіздігі жобаны жүзеге асыруға кедергі келтіріп отырғаны баса айтылды. Тиісті шаралар қабылдау тапсырылды.

Сонымен қатар әлеуетті ашу мақсатында мемлекетаралық түйісу пункттерінің өткізу қабілетін жылына 100 млн тоннаға дейін кеңейту қажеттігі атап өтілді. Бұл халықаралық тасымалдауға серпін беріп, өткізу пункттері арқылы өту тәртібін жеңілдетеді.

Премьер-министр теміржол вокзалдарын жаңғырту жұмыстарының баяу қарқындылығын сынап, биыл барлық құрылыс-монтаж жұмысын аяқтауды тапсырды.

Ал теңіз инфрақұрылымын дамыту бойынша Ақтау және Құрық порттарын пайдалана отырып тасымалды жандандыра түсу жөніндегі жұмыстар туралы баяндалды. Осы жылы Ақтау портында су түбін 1,3 млн текше метрге дейін терендету жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы атап өтілді.

Премьер-министр «Ақтау — Баку» бағытындағы қатынасқа пайдалану үшін қарастырылған 6 контейнер тасығыш кемелі сатып алу рәсімдері кешіктіріліп жатқанына назар аударды. Жаңа көліктерді аталған бағытқа шығару жұмысын жеделдету тапсырылды.

Азаматтық авиация саласына келсек, 2025 жылдың қорытындысы бойынша мұнда 20,8 млн жолаушы тасымалданды, әуежайларда 31,8 млн адамға қызмет көрсетілді, олардың ішінде Астана (9,2 млн адам) және Алматы (12 млн адам) әуежайлары бар. 2028 жылға дейін 11 инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асыру көзделген, оған 4 жаңа әуежай, 2 ұшу-қону жолағы, сондай-ақ 5 қаладағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары кіреді. Биыл халықаралық маршруттық желіні 30 елде 135 маршрутқа дейін кеңейту жоспарланып отыр (2024 жылы — 115 маршрут).

Жиында Президент тапсырмасы бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде казакстандық әуе компаниялар үшін отандық авиацияның құнының төмендетілгені баяндалды. Бүгінде еліміздің

әуежайларында бір тонна отынның бағасы шамамен \$800 тұрады, бұл оны көрші елдермен салыстырғанда, тартымды ете түседі. Қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде Қазақстан әуежайларына жаңа шетелдік компаниялар келе бастады, олардың ішінде Centrum Air (Өзбекстан), Shiraq Avia (Армения), Martinair (Нидерланд), One Air (Ұлыбритания), Atlas Air (АҚШ), MNG Airlines (Түркия) және тағы да басқалары бар.

Сондай-ақ «KTZ Air Cargo» АҚ жүк авиациясының маршруттық желісін дамыту жөніндегі жұмыс жоспарларына да назар аударылды. Компания елдің көлік жүйесінің тұрақтылығын арттыру мақсат етеді.

Премьер-министр шағын авиацияның әуе кемелерін сатып алу бойынша да кешіліктер бар екенін атап өтті. Осындай ұшақтар қажет авиацияларды қаржыландыру тетіктерін пысықтау тапсырылды.

Кеңесте саланы цифрландыру мәселелері де қаралды. Қазіргі уақытта көлік қатынасы әлемнің 42 елімен жүзеге асырылуда, тасымалдауға арналған шетелдік рұқсат бланкілерінің саны 2022 жылмен салыстырғанда, 3 есеге өскен. Бұл процедураны жеңілдету және жеделдету үшін бланкілерді беру процесі электронды форматқа ауыстырылды. CarGoRugsat жүйесі енгізілді, Қытаймен шексіз алмасу қамтамасыз етілді, шетелдік рұқсат бланкілерінің 70%-ы цифрландырылды. 2026 жылдың наурызында Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) елдерімен е-Permit Pilotтық жобасы іске қосылды, сондай-ақ халықаралық тасымалдарға арналған е-CMR Pilotтық жобасы жүзеге асырыла басталды. Қабылданған шаралар рәсімдердің қысқартуға және әкімшілік шығындарды азайтуға бағытталған.

Премьер-министр халықаралық серіктестермен шетелдік рұқсат бланкілерін берудің цифрлық форматына көшу жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

«Президентіміз транзит еліміздің басты бәсекелестік артықшылықтарының бірі екенін әрдайым айтып келеді. Дегенмен тапсырмалардың орындалуына сын-ескертпелер бар, толық қамту мен жеделдік жетіспейді. Мен динамиканы тікелей өзім қадағалайтын боламын. Біздің міндетіміз — жұмыстың барлық бағыты бойынша күш жұмылдыру», — деп атап өтті жиыны соңында Олжас Бектенов.

M.ТӨЛЕУ

TURGYNDAR AMANATY: НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБА



Абай облысында «AMANAT» партиясының TURGYNDAR AMANATY жобасы аясында «Үйді басқару: жауапкершілік, сенім, нәтиже» тақырыбында облыстық форум өтті. Іргелі іс-шара тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелерді талқылап, тиімді шешімдер қабылдауға бағытталған ашық пікір алмасу алаңына айналды.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев аталған жобаның негізгі мақсатына тоқталды. «AMANAT» партиясы көппәтерлі тұрғын

үйлерге қатысты өзекті мәселелерді шешуді көздейтін TURGYNDAR AMANATY жобасын қолға алуда. Бүгінде Абай облысында тұрғын үй қоры кеңейіп, тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылығы саласы жүйелі түрде дамып келеді. Өңірде 2 084 көппәтерлі тұрғын үйдің 734-і кондоминиум ретінде тіркелген, ал қалғандары бойынша тіркеу жұмысы жалғасуда. Кейінгі үш жылда 122 көппәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Ең бастысы, жұмыс тұрғындармен кері байланысты күшейтуге бағытталуы қажет. Себебі МИБ және ПИК төрағалары тұрғындармен тікелей жұмыс істеген соң нақты мәселелерді жақсы біледі. Сондықтан

олардың ұсыныстары саланы дамыту ісінде маңызды рөл атқарады», — деді ол.

Айта кетейік, жыл басынан бері осындай форум-семинарлар Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстарында өткізіліп, оң нәтиже көрсетті.

«AMANAT» партиясы аталған жоба аясында МИБ және ПИК төрағаларына арналған OSI-SKILLS оқыту семинарларын ұйымдастыру, басқару жұмысын үйлестіретін қалалық кеңестер құру, депутаттардың тұрғындар алдында есеп беру жүйесін енгізу, әкімдіктермен меморандумдар жасау, «Таза Қазақстан» акциясы аясында абаттандыру жұмысын жүргізу, халық қатысатын бюджет бағдарламаларын жүзеге асыру, үздік тұрғын үйлер байқауларын өткізу, кадрлық резерв қалыптастыру және бастауыш партия ұйымдарын құру сияқты бірқатар жүйелі бастаманы жүзеге асырып келеді. Бұл бастамалар тұрғындар, басқарушы ұйымдар және жергілікті билік арасындағы өзара байланысты нығайтып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Форумда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында белгіленген міндеттерге ерекше назар аударылды. Абай облысының әкімі Берік Уәли бұл бағыттағы жұмыстар өңірде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

«AMANAT» партиясы халықпен тікелей байланыс орнатып, тұрғындардың ұсыныс-пікірін ескеру арқылы нақты нәтижеге бағытталған жобаларды қолға алуда.


Солардың қатарында TURGYNDAR AMANATY сияқты бастамалар тұрғын үй-коммуналдық саланы жаңғыртуға серпін беріп, басқару жүйесін ашық әрі тиімді етуге жол ашуда. Жоба аясында көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жүйесін жетілдіру, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету, тұрғындардың шешім қабылдау процесіне белсенді қатысуына жағдай жасау бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар басқару процесінің цифрландыруға, сервистік қызмет сапасын арттыруға және тұрғындар мен басқарушы ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге ерекше назар аударылуда», — деді Берік Уәли.

Семей қаласының әкімі Әділет Қожанбаев қаладағы тұрғын үй қорын жаңарту жұмысы жүргізіліп жатқанын атап өтті. Бүгінде Семей қаласында 1 588 көппәтерлі тұрғын үй бар. Бұл үйлерге 630 басқару органдары мен сервистік ұйымдар қызмет көрсетеді. Соңғы кезеңде 89 тұрғын үйдің қасбеті жаңартылып, 7 лифт ауыстырылған, ал биыл тағы 10 лифті жаңарту жоспарлануда. Сонымен қатар қалада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында санитарлық тазалықты сақтау жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп жатыр. Сенбіліктер тұрақты түрде ұйымдастырылып, оған тұрғындардың қатысуы белсенділігі артып келеді. Бұл бастама қала аумағында ғана емес, облыс көлемінде де кенінен жүзеге асырылуда.

Форум жұмысы соңында «AMANAT» партиясының мүшесі, «Асар» ПИК төрағасы Зәуре Қуанышбекова партия жұмысына алғыс білдіріп, өзекті мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік беретін алаңның маңызын атап өтті. Ол алдағы уақытта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жүйесінің тиімділігі артып, тұрғындардың басқару институттарына деген ықыласы мен көзқарасы нығая түсетініне сенім білдірді.

«АҚЫЛДЫ» ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ТИМДІЛІК ПЕН АШЫҚТЫҚ КЕПІЛІ

Солтүстік Қазақстан облысында өңірге қарасты аудандарда IT-хабтарды дамыту және «ақылды» шешімдерді енгізу ісіне ерекше назар аударылуда. Облыс аумағындағы ауылдардың шамамен 93%-ы интернетке қосылған, ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының 87%-ы цифрлық технологияларды қолданады. Сонымен қатар жастарға арналған IT-хабтар ашылып жатыр. Айта кетейік, цифрландыру қадамы тек статистикалық көрсеткіш ретінде қалмай, азаматтардың тұрмысын жақсартуға тиіс.



Аталған мәселелер өңірде «Цифрлық қоғам» партиялық жобасы аясында өткен іс-шаралар барысында кенінен талқыланды. Оған Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясының цифрлық комиссары Екатерина Смышляева мен Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий Мун қатысты.

Петропавл қаласында облыстық және қалалық мәслихаттардағы «AMANAT» партиясы фракцияларының кеңейтілген отырысында Цифрландыру және жасанды интеллект жылының аралық қорытындысы шығарылды.

Кейбір шағын ауылдарда интернет әлі де тұрақсыз, тұрғындардың цифрлық сауаттылық деңгейі әрқелкі, ал тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен денсаулық сақтау салаларында «ақылды» технологияларды енгізуді жеделдету қажет. Екатерина Смышляева цифрландырудың басты мақсаты технология енгізу ғана емес, оның адамдарға нақты пайда әкелуі екенін ерекше атап өтті.

«Әрбір өңір өз цифрландыру стратегиясын жүзеге асыруда. Солтүстік Қазақстан облысында да тиімді жобалар бар. Аудандардағы IT-хабтар ауданның өзіндік брендіне айналып келеді. Цифрлық даму қадамы көбіне-көп облыс орталықтарында шоғырланатынын көріп отырмыз, сондықтан мұндай бастамалар, шын мәнінде, өте маңызды. Бүгінде ауылдарды интернетке толық қосу, сондай-ақ тұрғындардың нақты қажеттілігін ескере отырып, «Smart-регион» жобаларын дамыту мәселелері партияның ерекше бақылауына алынды. Қалалық кеңестіктің цифрландыру үлгісі барлығына бірдей әмбебап шешім болуы мүмкін емес. Әр өңірдің өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан цифрлық шешімдерді жай ғана енгізіп қоймай, алдымен оны тұрғындар мен қоғамдық ұйымдардың қатысуымен талқылау қажет. Бүгін біз мұндай талқылау алаңдарын «Цифрлық қоғам»

партиялық жобасы аясында құруға болатынын қарастырдық», — деді депутат.

Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының мәліметіне сәйкес, өңірде ауқымды цифрлық инфрақұрылым қалыптасқан: ауылдардың басым бөлігі интернетпен қамтылған, 5G желісі жұмыс істейді, 11 креативті IT-орталығы ашылған, 46 мыңнан астам бейнебақылау камерасы орнатылған, ал барлық мектеп цифрлық платформаларға қосылған. Агроөнеркәсіптік кешен де қарқынды цифрландырылуда — кәсіпорындар-



дың 87%-ы өнімділікті бақылау, мал шаруашылығына цифрлық мониторинг жүргізу сынды заманауи шешімдер қабылдауда.

«Биыл Цифрландыру жылы аясында жоспарланған 51 іс-шараның 18-і өткізілді. Олардың қатарында жасанды интеллектке арналған халықаралық конференция мен Digital Nauguz онкүндік фестивалі бар. Барлық бастама өңірлі дамытуға және тиімді басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін бірінғай цифрлық экожүйе құруға бағытталған», — деді облыстық Цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Азамат Байтеміров.

Сондай-ақ «Цифрлық қоғам» жобасы аясында Мағжан Жұмабаев ауданында Magzhan Creative & IT center орталығы ашылды. Бұл орталық — өңірдің цифрлық экожүйесін дамыту бағытындағы маңызды алаңдардың бірі. Мұнда жастар бағдарламалау негіздерін меңгеріп, заманауи технологиялармен жұмыс істеп, стартап жобаларын жүзеге асыра алады, сондай-ақ креативті ресурстарға қол жеткізеді. Депутаттың айтуынша, мұндай орталықтарды аудандарда дамыту қадамы цифрлық теңсіздікті азайтып, ауыл жастарына жана мүмкіндіктер береді.

Бұған қоса, Петропавл қаласында тұрғын үйді басқару ұйымдарының төрағаларымен кездесу өтті. Оған пәтер иелері кооперативтерінің, мүлік иелері бірлестіктерінің басшылары қатысты. Талқылау нәтижесінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында цифрлық шешімдерге сұраныс жоғары екені айқындалды. Қатысушылар үйлерді басқаруға арналған бірінғай цифрлық платформалардың жоғын, қызмет көрсету үдерістерінің ашық емесін, сондай-ақ қызмет сапасын бақылауға мүмкіндік беретін құралдардың жеткіліксіз екенін атап өтті.

Сонымен қатар бейнебақылау жүйелері мен коммуналдық ресурстарды цифрлық есепке алу сияқты «ақылды» технологияларды енгізу қадамы тиімділік пен ашықтықты арттыратыны айтылды. Нәтижесінде, тұрғындар, басқарушы ұйымдар және IT-мамандар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажет екені атап өтілді. Бұл қадам цифрлық шешімдерді тұрғындар сұранысына сай болуына мүмкіндік береді.

Қорытынды іс-шарада «AMANAT» партиясының цифрлық комиссары Екатерина Смышляева мен Жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Дмитрий

Мун жергілікті жоғары оқу орындарының IT-мамандықтары студенттері мен оқытушыларына «Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі — цифрлық мемлекеттің құқықтық негізі» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс Quzyjar Creative Center алаңында ұйымдастырылды. Оның барысында цифрлық саланы реттеу, жасанды интеллектті дамыту және азаматтардың цифрлық құқығын қорғау мәселелері талқыланды. Деректер қауіпсіздігіне, цифрлық құқықтарға, сондай-ақ цифрлық ортадағы мемлекет, бизнес және қолданушы жауапкершілігіне ерекше назар аударылды.

«AMANAT» партиясының қолдауымен Шымкент қаласы әкімдігі «Shymkent Half Marathon – 2026» марафонын ұйымдастырды. Бұқаралық спортты дамыту және саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілген ауқымды іс-шараға мегаполистің 3 мыңға жуық тұрғыны мен қонақтары қатысты.

ЕРІК-ЖІГЕРДІ ШЫҢДАЙТЫН АЛАҢ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және өз бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз. Осы орайда, Шымкент қаласында ұйымдастырылған бұл игі іс-шара азаматтардың төзімі мен ерік-жігерін шыңдайтын аса маңызды алаңға айналды.

Іс-шараға «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдықожаев, Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Қанат Жолдықараев, сондай-ақ елге танымал тұлғалар — Марат Достоев, «Миллион» жайдарман командасы, спорт сандақтары Арман Оспанов пен Біржан Жақыпов, мәслихат депутаттары, еріктілер және қала тұрғындары қатысты.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Шымкент қалалық филиалының төрағасы Мұрат Жолдықожаев бұл бастама қоғам үшін аса маңызды екенін атап өтті.

«Бүгінгі марафон — тек спорттық жарыс емес, бұл — саламатты өмір салтын ұстанатын белсенді қоғам қалыптастыруға бағытталған байыпты бастама. Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді жүйелі жүзеге асыру жолында қолға алынған осындай бұқаралық іс-шаралар ерекше маңызға ие. Қатысушылардың әрқайсысына сәттілік тілеймін,

бастысы — жеңіс емес, белсенділік пен денсаулық!», — деді ол.

Жарыс бағдарламасы барлық жас ерекшелігін қамтыды: балалар 500 метр қашықтықта бақ сынаса, ересектер 5, 10 және 21,1 шақырым аралығында жүгірді. Қатысушылардың спорттық әлеуеті 30 жасқа, 40 жасқа, 50 жасқа дейінгі және 50 жастан жоғары санаттары бойынша бағаланды. Нәтижесінде, үздік спортшылар арнайы алғысхаттармен, медальдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Марафонда ерекше көзге түскен спортшылардың бірі — 11-сынып оқушысы Рамазан Өскенәлиев. Ол 5 шақырымдық қашықтықты небәрі 17 минутта жүгіріп өтіп, жеңімпаз атанды.

«Бұл марафонға тыңғылықты дайындалдым. Бүгін сол еңбегімнің жемісін көріп отырмын. Бұған дейін де қатысқанмын, бірақ бұл — алғашқы жеңісім. Осындай мүмкіндік сыйлаған ұйымдастырушыларға алғысхаттармен, медальдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталдым.

Іс-шара барысында қатысушыларға барлық жағдай жасалды. Жүгірушілерге су мен жеміс-жидек таратылды. Сондай-ақ көрермендер мен қатысушыларға арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, сахна жұлдыздарының өнері қатысушыларға ерекше серпін берді.



ҚОҒАМ

14 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Жаһандық білім беру кеңістігінің трансформациясы жағдайында университеттер тек білім беру ұйымдары болудан қалып, білім генерациясының, инновациялар мен экономикалық өсудің орталықтарына айналуға бастады. Бұл объективті түрде кеңейтілген институционалдык автономияға – академиялық, қаржылық-экономикалық, кадрлық және ұйымдастырушылық дербестікке негізделген басқарудың икемді, өзін-өзі реттейтін модельдеріне көшуді талап етеді. Осы модельде жұмыс істейтін әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттер халықаралық рейтингте Топ-200 оқу орындарына кіреді.

Халықаралық тәжірибеде әлемнің жетекші университеттерінің табысының негізгі көзі де осындай модельдерде.

Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымдары елдерінде, сондай-ақ бірқатар посткеңестік мемлекетте университеттердің автономиясы олардың жаһандық рейтингтердегі көрсеткіштерін арттырудың, ғылым қызметті дамытудың және инвестициялар тартудың негізгі факторына айналды.

Мысалы, Ресей Федерациясында 50-ден астам жетекші жоғары оқу орны «автономды мекеме» мәртебесінде жұмыс істейді, бұл оларға басқарушылық еркіндіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Өзбекстан Республикасында кейінгі жылдары 35-тен астам мемлекеттік жоғары оқу орнына қаржылық және академиялық автономия, Қырғыз Республикасында 9 жетекші университетке ресурстарды басқаруда кеңейтілген дербестікті көздейтін «ерекше мәртебе» берілген.

Қазақстанда жоғары оқу орындарының автономиясын кеңейту заңдық негізде 2018 жылдан басталған болатын. Алайда жүргізілген талдауларға сәйкес қабылданған шаралар уақытша сипат алған, шын мәнінде, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында толыққанды институционалдык дербестік қамтамасыз етілмеген.

Ал жаһандық бәсекең күшеюі жағдайында адам капиталы мен ғылыми ресурстар стратегиялық мәнге ие.

Әртүрлі сараптамаға байланысты 150 мыңға жуық қазақстандық шетелде білім алады және олардың едәуір бөлігі оқуын аяқтағаннан кейін елге оралмайды.

Қазақстан студенттерді «экспорттау» бойынша әлемнің үздік 10 елінің қатарына кіреді, бұл білікті кадрлардың және дарынды жастардың шетелге кетуін арттырып, елдің зияткерлік әлеуетінің төмендеуіне әкеледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев шетелдік инвесторлар кеңесінде сөйлеген сөзінде «Университеттердің өсуі мен тиімділігінің іргелі тетігі автономия болуға тиіс» деп атап өтті. Бұл тұжырым жоғары білім мен ғылымның бәсекеге қабілетті жүйесін қалыптастыруға, оны дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың негізгі бағытын айқындайды.

УНИВЕРСИТЕТ ДЕРБЕСТІГІ МОДЕЛІ ЖЕТІЛДІРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Бүгінде ғылыми кадрлардың орта жасы ұлғаюда, 200-ге жуық жаңа мамандық пайда болуына қарамастан, оқу орындарында қажетсіз мамандықтар дайындау үрдісі жалғасуда, ғылым мен өндірістің алшақтығы экономикаға өз әсерін тигізуде.

Сонымен қатар институционалдык кедергілер мен тиімді басқарудың төмендігі қазақстандық университеттердің халықаралық ғылыми жарияланымдар жасау мен зерттеу жобаларындағы үлесі әлі де шектеулі болуда.

Аталған мәселе коммерциялық емес ұйым нысанында жұмыс істейтін ұлттық зерттеу университеттері үшін өте өзекті. Қолданыстағы модель басқару, инвестиция тарту, халықаралық ынтымақтастықты дамыту және ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру мүмкіндіктерін шектейді.

Бұл ретте Қазақстанда кеңейтілген автономияның табысты үлгісі ретінде Назарбаев университеті қызмет етуде. Ол арнайы заң негізінде жұмыс істейді және оның нәтижелері кең институционалдык дербестікке негізделген модельдің тиімділігін дәлелдейді. Ұқсас тәсіл Назарбаев зияткерлік мектептері жүйесінде де іске асырылған.

Алайда бұл тәжірибе елдің басқа жетекші оқу орындарында таралмаған, және институционалдык теңсіздікті қалыптастыруда.



Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірегей тарихы мен елеулі жетістіктері бар, елдің негізгі ғылыми-білім беру орталықтарының бірі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік QS World University Rankings-2026 рейтингінде 166-орын, QS Asia University Rankings-2026 рейтингінде 38-орын (континенттің үздік жоғары оқу орындарының 6%-на кіреді), «Орталық Азия» көшбасшысы (өңірде 1-орын), ал ТМД елдерінің университеттері арасында 2-орында.

Сонымен бірге Times Higher Education University Impact Rankings-2026 рейтингінің Топ 401-600 құрамына, БҰҰ тұрақты даму мақсаты бойынша Топ-200-ге енеді. Университетте 8 ғылыми-зерттеу институты, 39 ғылыми орталық, 140 оқу және ғылыми зертханалар, 1 ұжымдық пайдалану зертханасы, 10 шағын өндіріс жұмыс істейді.

Университет Қазақстандағы ғылыми жарияланымдардың елеулі үлесін қамтамасыз етеді, жоғары білікті кадрлар даярлайды және тұрақты түрде әлемдік рейтингтердің (QS) Топ-200 қатарына кіреді.

Дәл осындай жетістіктерге қол жеткізген бірнеше университет пен институт бар. Олар әлі де, артық нормативтік реттеу жағдайында жұмыс істеуде. Оқу орындары үшін қолданыстағы модельді сақтау болашақта нақты әрі болжамды тәуекелдерге әкеледі.

Біздің пайымдауымызша, аталған тәуекелдерді назарда ұстау қажет. Айталық, бірінші кезекте әлемдік рейтингтердің Топ-200 қатарына кіретін Қазақстан университеттерінің саны шектеулі. Бұл жаһандық білім беру жүйесіндегі мемлекетіміздің бәсекелік тұғырын төмендетеді.

Екіншіден, шетелдерге жыл сайын студенттер мен жас ғалымдардың кетуі ғылым мен экономикада ұзақмерзімді кадрлық теңгерімсіздікке алып келуі мүмкін.

Үшіншіден, экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерімен салыстырғанда, ғылыми-зерттеулерге тартылатын жеке инвестициялар мен гранттардың деңгейі айтарлықтай төмен.

Төртіншіден, университеттік ғылым саласында ғылыми жаңалықтарды, жобаларды коммерцияландыру үлесі төмен болуына байланысты инновациялық экономиканың қалыптасуы баяулатады. Бесіншіден, сақталып отырған әкімшілік басқару жүйесі шешім қабылдауда көп мерзімді қажет етеді, университеттердің жаңа технологиялық өзгерістерге жедел бейімделуіне мүмкіндік бермейді.

Сонымен қатар шетелдік университеттер мен олардың филиалдарының жоғары дәрежелік автономды және тиімді қаржыландыру жүйесі бәсекең күшеюіне әкелуде.

Мемлекет басшысы атап өткендей, жекелеген шетелдік филиалдар үшін бөлінетін гранттардың құны ұлттық университеттерді қаржыландыру көлемінен бірнеше есе жоғары, бұл іс жүзінде тең емес бәсекеңестік жағдай қалыптастыруда.

Осылайша, жарияланған автономияға көшу бағыты іс жүзінде шектеулі күйінде қалып отыр және қолданыстағы модельді жүйелі түрде қайта қарауды талап етеді.

Бүгінде ғылымның негізін құрайтын цифрлы контент, виртуалды әлем, кванттық механика, ядролық физика, атом энергиясы, үлкен деректің, заттар интернетінің, киберфизикалық жүйелердің, блокчейн-технологияларының, жасанды интеллект пен бұлттық жүйелердің маңызы арта түсті.

Өркеніетті мемлекеттер ауқымды ақпараттық технологияларға, супер компьютерлерге негізделген «Білім экономикасына» бағыт алып, инновациялық серпіліс жасауда.

Осыған байланысты біз Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің атына жолданған депутаттық сауалымызды бірқатар өзекті мәселеге назар аударуды сұрадық.

Атап айтқанда, автономды білім беру ұйымдары институтын кеңейтуді қарастыратын, коммерциялық емес ұйым нысанында жұмыс істейтін ұлттық зерттеу университеттеріне осы мәртебені таратуды көздейтін, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, кешенді талдау жүргізу қажет деп білеміз.

Сонымен қатар автономияны тиімді іске асыруды қамтамасыз ететін ілеспе тетіктерді, оқу орындарының деңгейіне қарай сараланған автономия моделін енгізуді, мемлекет пен жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылдың келісімшарттық жүйесіне көшуге, эндаумент-қорларды дамытуды, кенестердің қызметін жетілдіруді, кадрлық және қаржылық дербестікті кеңейтуді, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру және халықаралық мамандарды тарту үшін жағдайлар жасауға тапсырма беруін сұрадық.

Ұсынылып отырған іс-шаралар мемлекеттің рөлін төмендетпейді, керісінше, оларды іске асыру атаған тәуекелдерді азайтуға, білім экономикасына көшуге, университеттердің инвестициялық тартымдылығын арттыруға және Қазақстанның жаһандық білім беру кеңістігіндегі тұғырын нығайтуға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Ғалиасқар САРЫБАЕВ,
Парламент Сенатының депутаты

Былтырғы жылдың қорытындысы Қазақстан туризмінің қарқынды дамып келе жатқанын айқын көрсетті. Ел ішінде саяхаттаушылар саны 10,1 млн адамға жетіп, шетелдік туристердің де қызығушылығы артты. Жалпы, 15,7 млн шетел азаматы Қазақстанға келсе, оның 11,1 миллионы турист ретінде тіркелген. Туризм саласының табысы 350,6 млрд теңгеге жетіп, инвестиция көлемі 1,2 трлн теңгеден асты. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның туристік әлеуеті күшейіп келе жатқанын дәлелдейді.

А Айгүл СЕЙІЛ

Халықаралық деңгейде де еліміздің беделі өсуде. World Economic Forum рейтингі бойынша Қазақстан 52-орынға көтерілді. Skyscanner дерегінде Үндістан нарығы үшін Қазақстан №1 бағыт атанса, CNN Travel мен The New York Times елімізді саяхаттауға ұсынылатын үздік бағыттардың қатарына қосты. Ал Lonely Planet Қазақстанды 2025 жылы баруға тиіс елдер тізіміне енгізді.

Бұл – жақсы жаңалық. Бірақ негізгі сұрақтар сол күйінде қалады. Ту-

ДЕМАЛЫС ОРЫНДАРЫ ЖАЗ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН БА?

Елімізде орналастыру орындарының саны 4 482-ге жетіп, бір мезетте 233 мыңнан астам адамды қабылдай алады. Туристік инфрақұрылым кеңейіп келеді. Мысалы, курортты өңірлерді дамытуға арналған 2026-2029 жылдарға арналған Жол картасы да іске қосылған. Ол 114 іс-шараны қамтиды. Жол картасын іске асыру жергілікті атқарушы органдар мен орталық мемлекеттік органдардың бірлескен

ларды абаттандырудың бірыңғай стандартын қалыптастыру, бірнеше мемлекеттік органның өзара үйлесімді іс-қимылы (су көлігі инспекциясы, азаматтық қорғау органдары, мемлекеттік кірістер органдары), оқиғалық іс-шараларды өткізу, туристік әлеуетті ілгерілету.

Сондай-ақ Жол картасы аясында курортты өңірлердің көлік қолжетімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданды.

Алайда жүргізілген инспекциялар кейбір өңірлерде демалыс орындарының әлі де заманауи талаптарға сай келмейтінін көрсетті. Әсіресе, жағажай инфрақұрылымы, санитарлық жағдай, қызмет сапасы мен қауіпсіздік мәселелері толық шешілмеген.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова өзінің депутаттық сауалында туристік маусым басталар алдында ең

Бұл бірнеше маңызды мәселеге әкеледі: туристер сапарын алдын ала жоспарлай алмайды, тuroператорлар толыққанды түрөнім қалыптастыра алмайды және нарықта белгісіздік пайда болады.

Нәтижесінде, қазақстандықтар демалысты ел ішінде емес, шетелде өткізуді таңдай бастайды. Осы жылдың Наурыз мерекесінде азаматтардың Өзбекстанға жаппай баруы – соның дәлелі.

Туризмдегі ең маңызды фактор – қауіпсіздік. 2025 жылы 62 адам суға кетті, оның 24-і – бала. Бұл демалыс орындарында қауіпсіздік жүйесінің әлсіз екенін көрсетеді.

Жалпы, туризмдегі қауіпсіздік мәселесіне құтқарушылар саны мен дайындығының жеткіліксіздігін, жағажайларда бақылау жүйесінің әлсіздігін, су көлігі кейбір қауіпті аймақтарда реттелмегенін айтуға болады. Бұл жерде нақты статистика келтіре алмаймыз, бірақ жазда демалыс орнына барып жүрген көбіміз білеміз. Және бұл жай ғана атап өтер нәрсе емес, жүйелі кемшілік.

Сарапшылардың айтуынша, геосаяси жағдайлардың әсерінен туристік ағын жақын жылдары 20 млн адамға дейін жетуі мүмкін. Бірақ қазіргі жағдайда инфрақұрылым толық дайын емес, оған қызмет сапасының біркелкі еместігін, логистиканың әлсіздігін және қауіпсіздіктің жеткіліксіз деңгейде екенін қосыңыз.

Қазақстан туризмінің әлеуеті зор және статистика бұл саланың өсіп келе жатқанын көрсетеді. Алайда сандық өсім сапалық дайындықпен қатар жүрмесе, бұл мүмкіндік толық пайдаланылмайды.

Жаз маусымы – туризм үшін ең маңызды кезең. Дәл осы уақытта ел өзін жазғы демалысын жоспарлайды, ең негізгі ақпарат әзірге қолжетімсіз боп тұр. Бұл ең алдымен шетелдік туристердің таңдауы елімізден тыс бағыттарға ауып кетуіне алып келеді. Ал отандық туристер жаз айларында ғана пайда болатын «қосымша вагондар қосылды» деген сияқты ақпаратты қанағат қылып қала береді.



ризм инфрақұрылымы осы сұранысқа лайын ба? Демалыс орындары туристерге лайықты түрде қызмет көрсете ме? Жалпы, демалыс орындары биылғы жаз маусымына дайын ба?

жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

Атап айтқанда, Жол картасы арқылы іске асырылатын іс-шаралардың негізгілері мыналар: судағы қауіпсіздікке бақылауды күшейту, жағажай-

Жазғы маусымда туристік бағыттар бойынша теміржол рейстерінің саны көбейтіліп, қосымша пойыздар іске қосылады және вагондар саны арттырылады. Сонымен қатар туристік өңірлерге, оның ішінде субсидияланатын бағыттар бойынша ішкі әуе рейстерінің географиясы кеңейтіледі. Бұл туристердің қозғалысын жеңілдетіп, курорттық аймақтардың халық үшін қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

маңызды ақпараттың өзі қолжетімсіз күйде қалып отырғанын атап өтті. Депутаттың айтуынша, жаз маусымының басталуына санаулы ғана апта қалды, бірақ туристер мен тuroператорларға қажетті негізгі ақпарат әлі толық айқындалмаған.

«Әуе тасымалдаушылары нақты бекітілмеген, рейстердің кестесі, билет бағасы мен орын саны жөнінде ашықтық

Елімізде орналастыру орындарының саны 4 482-ге жетіп, бір мезетте 233 мыңнан астам адамды қабылдай алады. Туристік инфрақұрылым кеңейіп келеді. Мысалы, курортты өңірлерді дамытуға арналған 2026-2029 жылдарға арналған Жол картасы да іске қосылған.

Жол картасын іске асыру курортты өңірлердің жүйелі дамуын қамтамасыз етіп, туристік инфрақұрылым сапасын арттыруға және Қазақстанда ішкі әрі сырттан келу туризмінен одан әрі дамытуға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

жок. Дәл осындай жағдай теміржол саласында да байқалады. Соның салдарынан нарық тұралап тұр. Сапарды жоспарлау, ерте бронь жасау, түрөнімдерді қалыптастыру мүмкін болмай отыр», – дейді депутат.

ТАМШЫДАҒЫ ТАҒДЫР: ДОНОРЛЫҚ ДӘУІРІ ҚАЙТСЕ ТҮЛЕЙДІ?

Қан – тіршіліктің түп қазығы, өмірдің өзегі. «Қанын бөліскен – денсаулығын бөліседі»: қан орталығының бірінің қабырғасындағы жарқағазда осындай асқақ ұран мен көркем иллюстрация менмұндайды. Алайда денсаулығын қоғам игілігіне бөліп берген осы адамдарға мемлекет тарапынан қолдау кемшін. Бұл туралы депутаттар айтып отыр. Олардың сұрауымен Үкімет биыл донорларға төленетін ақыны арттыруға келісіп еді. Енді бас қаржыгер қаржы жоқ деп, қол қусырды. Бұл саланы мемлекет сонда қалай қолдамақ?



ТӘНДЕГІ ЖАРА, ЖАНДАҒЫ ЖАРЫК

Бір адамның тамырынан жылыстап, екінші бір жанның суала бастаған ғұмырына нәр беретін осынау киелі сұйықтықтың қадірі қашқандай. Бұл саладағы қазіргі шынайы көрініс әлдеқайда көмескі. Құқық қорғау саласының ардагері Сәбит Мұқашұлы – өзгенің ғұмырына нұр сыйлайтын, елге еңбегі сіңірген донор. Оның суала бастаған тамырлары жылдар бойы жат жандардың ғұмырын жалғау үшін төгілген тамшыларының шежіресі іспетті. Оның донорлық жолы әскер катарында жүргенде басталған екен.

«Ауыл баласымыз ғой, біздің түсінімізде ине мен шприц тек төсек тартып жатып қалған ауыр науқастың еншісі болатын. Сондықтан ба екен, бала кезден ине көрсем, зәрем ұшып, жаным мұрнының ұшына келетін, – деп жымиды Сәбит аға өткен күннің елесіне шомып. – Отан алдындағы борышымды өтеп жүрген кез. Бірде сарбаздарды сапқа тұрғызып, қан орталығына алып барды. Сұсты, суық ғимараттың табалдырығын аттағанда, жүрек атқатпап, буын-буынды дірлідей жөнелді. Инені тәңіне тығып, біраз уақыт отырғызып қояды екен».

Алайда, тағдыр оны ақ халатты абзал жан Бимаржан есімді мейірбикемен жолықтырды. «Қалшылдап тұрған солдатты көргенде, ол кісі жұрт көзіңше келемеждеп күлген жоқ. Керісінше, алдымен, кішкентай бала сияқты маған аналық мейіріммен қарап, асықпай әңгімелесті. Қан тапсырудың адам ағзасына қаншалықты шипалы екенін, тамырдағы қанның жаңаруы денсаулықтың кепілі екенін майын тамыза, тәптіштеп түсіндіріп берді. Бимаржан апайдың жылы сөзі мен жеңіл қолы бала кезден бойды бұған үрей-фобияны сылып тастағандай бір сәтте арылтты», – деп еске алады ағасы.

Жүрегіне батыллықтың дәнін еккен Бимаржан апайға шексіз құрметтің белгісі ретінде Сәбит Мұқашұлы әскерден кейін де донорлық жолын үзбей, өзгерлердің өміріне араша болуды азаматтық парызы санап келеді. Ол енді донорларға да «волонтер» атағы берілсе екен дейді.

– Кенес кезінде «Құрметті донор» атағын беретін. Қазір ол жоқ көрінеді. Содан қоғамға сіңірген көп жылғы еңбегімді ұрпағыма өнеге ретінде рәсімдеп қалдырайын деп, Қазақстан волонтері мәртебесі мен куәлігін алуды ойластырдым. Ол үшін QazVolunteer.kz платформасына тіркелу керек. Анкета толтыру үшін қай жерде қанша сағат ерікті ретінде жұмыс істегенінді, қандай жобаны жүзеге асырғаныңды көрсетіп, растауың қажет. Менің жобам қанға зәру жандарды құтқарғаным ғой. Біраз жерге бардым, донор – ерікті емес дейді. Мен қанымды

терінің сапасын және қауіпсіз қолданылуын қамтамасыз ету үшін донор қанын екі кезеңдік скринингтен өткізу, оның компоненттерін өңдеудің заманауи әдістері енгізілгені, инфекциялық және иммунологиялық қауіпсіздікті бақылау күшейтілгені тілге тиек етілді.

Үкімет басшысы «2026–2028 жылдарға арналған бюджетті қалыптастыру шеңберінде донорларға берілетін тегін тамақтың ақшалай баламасының мөлшерін арттыру мәселесі пысықталып жатқанын» мәлімдеді. Сондай-ақ Премьер-министр «Құрметті донор» ведомстволық наградасын қайта қалпына келтіру мақсатында төсбелгінің эскизі әзірленгенін, нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгертулер жобалары дайындалғанын айтты.

Депутаттар сол пысықтаудың соны донорларға төленетін қаражаттың артуына ұласады деп қуанған. Алайда Қаржы министрі Мәди Такиев қалаулылардың көңілін су сепкендей басып тастады. Өйткені бюджеттің орасан зор тапшылығына орай, керісінше, шығыстарды қысқарту қолға алыныпты.

– Республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстарын оңтайландыру мақсатында 2028 жылғы 31 желтоқсанға дейін республикалық және жергілікті бюджеттердің шығыстарын жоспарлау кезінде әлеуметтік саладағы жаңа бастамаларға бюджет қаражатын бөлуге мораторий енгізілгенін атап өтеміз. Осыған байланысты, Қаржы министрлігі Денсаулыққа мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қан донорларын көтермелеудің ақшалай емес және материалдық емес шараларын қарастыруды ұсынды, – деді министр М.Такиев.

Оның ақпараты бойынша 2026–2028 жылдарға арналған республикалық бюджетте Денсаулық сақтау ТМҚКК шеңберінде қан донорларына 0,25 АЕК мөлшерінде ақшалай өтемақыға 809,8 млн теңге сомасында ғана шығыстар көзделген. Оны жылдарға бөлгенде, 2026 жылы – 257,8 млн теңге, 2027 жылы – 274,2 млн теңге, 2028 жыл – 277,8 млн теңге шығады. Әрбір донорға қан тапсыруға үшін биыл 1 081 теңгеден төленеді және бұл сома әл-әзір көтерілмейді.

АДАМ ӨМІРІНІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Бұл хабарға парламентшілер көдімгідей налыды. Қан тапшы болғанда, адам таппай, өңірлерде ақ халаттылардың өздері амалсыз қан тапсыруға мәжбүр болады екен. Бұл қаридаларға қайшы. Туысқаны ауыр халде ауруханаға түскен адамдардан әлеуметтік желі, мессенджерлер арқылы донорларды өз бетінше тауып әкелуді сұрайтын жағдайлар да болған. Мәжіліс депутаты Қарақат Әбден қазіргі заманғы медицина донорсыз жұмыс істей алмайтынын айтады.

– Донорлық – бұл жай ғана мейірімділік актісі емес. Бұл – жедел жәрдем, реанимация сияқты өте маңызды мемлекеттік тіршілікті қамтамасыз ету ресурсы. Денсаулық сақтау министрлігі болса, жыл сайын жаңа ауруханаларды ашып, хирургиялық, травматологиялық төсек-орын санын арттырып жатыр. Жасалатын оталардың саны да көбейгені туралы есеп берді. Енді оның бәрін қалай қанмен қамтамасыз етпек? Трансфузиологтардың мәліметінше, 2024 жылы халықтың тек 1,2%-ы ғана донор болған, бұл шамамен 215 мың адам ғана, – деді депутат.

Қалай болғанда, дәрігерлер жыл сайын қан тапсыруға ниет білдірушілер санының азайғанын тіркеп жатыр. Депутаттардың пайымдауынша, бұл – қауіпті белгі. Өйткені қанды сатып алуға, импорттауға немесе зертханада өндіруге болмайды. Оны тек адамнан алуға болады, ол тек адамның жүрегі мен мейірімнен бастау алады.

Бүгінде донорға берілетін ақшалай өтемақы – 0,25 АЕК. Бұл мөлшер осыдан 20 жыл бұрын белгіленген және бірде-бір рет қайта қаралмаған. Ал Қазақ тағамтану академиясының ұсынымдарына сәйкес, қан тапсырған күні донор кемінде 4 700 килокалория алуға тиіс. Мұндай рационның нақты құны – 5 мың теңгеден астам, яғни 1,25 АЕК.

Донорлықтан қаржы үнемдеу – ұлт денсаулығының тамырына балта шабумен тең емес пе? Мемлекет тарапынан қолдауын жеткілікті донорлықтың беделін түсіріп, адамдардың қызығушылығын азайтты. Сондықтан донорларды материалдық әрі моральдық тұрғыда қолдау – адам өмірін сақтаудың кепілі әрі қоғамның ізгілігін арттырудың маңызды бір шарты.

Елдос СЕНБАЙ

МЕРЕЙ



«ШАЛҚАРДА» ШАЛҚЫҒАН ҮН

Биыл ұлттық руханияттың жаршысына айналған «Шалқар» радиосына – 60 жыл. Осыған орай Алматыдағы Ұлттық кітапханада атаулы мерейтойға арналған салтанатты іс-шара өтті.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

Жиынға Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Мәдениет және ақпарат бірінші вице-министрі Канат Ысқаков, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ф.ғ.д, профессор Намазалы Омашев, Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев, «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасы Ернұр Бурахан, «Шалқар» радиосының ардагерлері мен қазіргі қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысының ыстық ықыласын жеткізіп, құттықтау лебізін оқып берді. Сондай-ақ радионың дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлер мен сала қызметкерлеріне Президенттің атынан «Алғыс хат» пен «Құрмет грамоталары» табысталды.

«Шалқар» радиосы тәулігіне 18 сағат бойы эфирге шығып, тыңдарманға сапалы мазмұн ұсынып келеді.

– «Шалқар» радиосының алпыс жылдығы менің радиоға келген кезеңіммен тұспа-тұс келеді. Мен де осы салаға 1966 жылы келдім. Содан бері, міне, алпыс жыл уақыт өтіпті. Қарап отырсам, бұл жылдар алты күндей ғана тез өте шыққандай әсер қалдырады. Оның өзіндік себебі де бар. Бұл салада қызық, мақтанш пен жақсылық көп. Біз осы уақыт аралығында бүкіл Қазақстан еңбеккерлерінің атқарған қызметін дүниежүзіне әуе толқыны арқылы таратып, олардың халыққа пайдалы істерін жеткізіп келдік. Радио – сондай ғажап құрал, – деді белгілі диктор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Сауық Жақанова.

Радио ардагері ақпарат тарату құралдарының қоғамдағы орны туралы



Іс-шара барысында «Шалқар» радиосының ұлттық ақпарат кеңістігіндегі орны мен оның қазақ руханиятында дамытудағы рөлі кенінен сөз болды. Тарихы терең арнада тынбай еңбек еткен ардагерлер радионың бірнеше буынға рухани азық болғанын айтып, оның тарихы мен бүгінгі бағытына тоқталды.

– «Шалқардың» тарихы, меніңше, «елім, жерім, халқым» деп өткен көптеген ұлтжанды азаматтың еңбегімен қалыптасты. Бұл сол кісілердің жанкешті қызметінің нәтижесі деп білемін. Бір кездері біз тәулік бойы жұмыс істеген уақытты да бастан өткердік. Ол кезде қазіргідей «диктор» деген қызмет жоқ болатын, менің өзім де сол қызметті атқардым. Шалқарымыз шалқи берсін! Әуе толқынында қалқи берсін! – деді ардагер диктор, журналист, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Бүркіт Бекмағамбетов.

«Шалқар» арнасының іргесі алғашында Қазақ радиосының «Сонғы хабарлар» редакциясы құрамында қаланды. 1966 жылдың 1 қаңтарында, сағат 19:00-де белгілі диктор Әнуарбек Байжанбаев эфир арқылы ақпаратты сазды «Шалқар» бағдарламасының дүниеге келгенін хабарлады. Алғаш құрылған күннен-ақ «Шалқар» радиосы ұлттық өнер мен әдебиетті, халықтың рухани мұрасын, дәстүрлі құндылықтарды насихаттауды басты миссиясына айналдырды.

Жеке радиотолқын ретінде қалыптасқан «Шалқар» бастапқы кезеңде тәулігіне небәрі екі сағат хабар таратты. Уақыт өте келе эфир көлемі ұлғайып, 6, 10, 12 сағатқа дейін жетті. Бүгінде

ой қозғап, замана өзгерісімен қатар радио да жаңа қырынан дамып келе жатқанын айтты. «Радио – қай кезеңде де халықпен бірге жасап келе жатқан рухани серік», – дейді ол.

– Газет оқу үшін оны іздеп, тауып оқу керек. Ал радио, әсіресе, сол кезеңдерде, ауылдағы малшылардың да, даладағы еңбек адамдарының да жан серігі болды. Олар кішкентай радио-қабылдағыш арқылы таудың ішінде жүріп те, кең далада жүріп те хабар тындайтын. Қазір заман өзгерді. Енді адамдар радионы телефон арқылы да тындай алады. Сондықтан радио ешқашан өз маңызын жоғалтпайды. Бұл – елге қызмет ете беретін құрал. Радионың ғұмыры ұзақ болып, дами беруіне тілектеспін, – деді С.Жақанова.

Сондай-ақ іс-шарада тағылымы мол «Шалқар» радиосының мерейтойына орай жарық көрген «Ұлттың үнбайрағы» атты кітаптың таныстырылымы өтті. Тың туындыда ұлттық радионың қалыптасу кезеңдері мен даму белестері қамтылып, оның бай мұрасы сараланған. Сонымен бірге «Шалқар» радиосының 60 жылдық мерейтойына орай қазақтың тұңғыш радиодикторы, Қазақ радиосының ардагері, КСРО-ның Құрметті радиосі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мина Сейітова атындағы дикторлар байқауы жарияланды. Байқаудың демеушісі – жазушы Ғабиден Құлашмет атындағы қоғамдық қор.

Естеріңізге салайық, өткен айда Алматы қаласындағы «Радио үйі» ғимаратында толық жөндеуден өткен студия ашылып, оған қазақтың тұңғыш радиодикторы Мина Сейітованың есімі берілген еді.

ЖАҢАН САРАП

14 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

МАЖАРСТАНДА ЖАҢА БАСШЫ: ТҮРКІ ЖҰРТЫМЕН ТАТУЛЫҚ ТЕРЕҢДЕЙ МЕ?

Тарихи тұрғыда қазаққа жақын саналатын Мажарстан елінде 12 сәуір күні маңызды сайлау өтті. Бұл науқанды екі көшбасшының тартысы ретінде суреттеуге болатын: біріншісі – Мажарстанды 16 жыл басқарған Виктор Орбан болса, екіншісі – батысшыл позициясымен танылған Петер Мадияр. Алғашқысы түркі жұртымен жақын қарым-қатынас орнатқан саясаткер ретінде есте қалды. Ендігі дауыстардың үштен екісі саналып болғанда, «Тиса» партиясының алға шыққаны, яғни Петер Мадиярдың жеңгені мәлім болып отыр. Жаңа басшының келуі Түркі әлемі мен Мажарстанның байланысын басқа арнаға бұруы мүмкін бе?

ЕЛДІК ЖОЛЫНДАҒЫ МОЙЫНДАУ

Сонымен, Мажарстандағы парламенттік сайлауда оппозициялық «Тиса» партиясы алға шыққаннан кейін көп ұзамай-ақ премьер-министр Виктор Орбан жеңілгенін мойындап үлгерді. Осы арада ол Петер Мадиярға хабарласып, жеңісімен құттықтағаны да мәлім болды.

«Сайлау нәтижелері әлі түпкілікті болмаса да, жалпы көрініс айқын әрі түсінікті. Елді басқару жауапкершілігі мен мүмкіндігі бізге бұйырмалы. Жеңіске жеткен партияны құттықтаймын», – деді Виктор Орбан өз жақтастары алдында сөйлеген сөзінде. Дегенмен Орбан Мажарстанға қызмет етуін жалғастыра беретінін жеткізді.

Алдын ала мәліметтерге қарасақ, Мажарстандағы парламенттік сайлауда Петер Мадияр жетекшілік ететін еуропашыл, оңшыл-орталық бағыттағы «Тиса» партиясы көш бастап тұрғаны анық білінеді. Мәселен, Мажарстанның Ұлттық сайлау кеңсесінің 13 сәуірдегі дерегіне, бюллетендердің 72,44%-ы саналғаннан кейін «Тиса» 199 мандаттың 138-ін иеленіп алған. Яғни, партия Конституция мен негізгі заңдарға өзгерістер енгізу құқығына жетті. Ал Виктор Орбанның «Фидес» партиясы әзірге 54 орынға ие. Дауыс санау әлі жалғасады, сондықтан нәтижелер аздап өзгеруі мүмкін. Толық нәтиже 18 сәуірден кешікпей жарияланады. Бірақ жеңімпаздың аты өзгермейтіні айдан анық.

Мажарстан биылғы сайлауға қатысқандардың саны бойынша рекорд жанарқан, халықтың 74,23 пайызы сайлауда дауыс беріпті. Ең кейінгі жоғары көрсеткіш осыдан 24 жыл бұрын тіркелген – 73,51 пайыз.

Осы күндері жана көшбасшы Петер Мадиярға кәрі құрлықтағы саяси жетекшілер құттықтауын жаудырып-ақ жатыр. Еурокомиссия төрағасы Урсула фон дер Ляйен сайлау нәтижесін «Еуроодақ күшейе түсті, Еуропаға қайта оралу» деп бағаласа, Франция президенті Эммануэль Макрон «Еуропалық одақ құндылықтарына адалдық және Мажарстанның Еуропадағы жеңісі» ретінде сипаттады.

Батыстағы саяси тұлғалардың бұлайша «бөріні аспанға атуы» бекер емес. Өйткені еуропалық сарапшылар Виктор Орбанды ресейшіл көрсе, Петер Мадиярды батысшыл санады. Бірақ бұл Виктор Орбанды толықтай біржақты көзқарастағы тұлға ретінде есептегіміз келмейді. Неге? Біріншіден, Мажарстан энергетикалық ресурстар – мұнай және газға тәуелді. Ресейдің арзан мұнайы бұл елдің ішкі нарығын қалыптастыра түрді. Мәскеу мен Киев арасындағы қақтығыстар кезінде кәрі құрлыққа мұнай жеткізетін «Достық» құбыры зақымданды. Орбан Украинаға сол үшін ғана шүйлігіп, Еуроодақтың Киевке аударатын қаржы-көмегіне veto қойды. Премьер-министрдің «мұнай болмаса, ақша да жоқ» деген сөзі осы себептен айтылған. Жаңа көшбасшы келген күннің өзінде Мажарстанның сыртқы саясаты түбегейлі өзгеріп кетеді деп болжау кын.

ПРАГМАТИЗМНІҢ ҮСТЕМДІГІ БӘМ ЖАНАШЫЛДЫҚ

Ал біз жырақтағы Мажарстанның ішкі оқиғаларын текке еңгіме етпедік. Өйткені Мажарстан кейінгі жылдары түркі әлемімен, соның ішінде Қазақстанмен байланысын едәуір жақсартта алды. Тіпті, Виктор Орбан өз халқына түркілік



танымды позитивті жағынан насихаттауға көшкен еді. Энергетикалық қажеттілігін түркі жұрты арқылы толтыруды да мақсат санайтынын жасырмады. Былтыр Тушваньош фестивалінде сөйлеген сөзінде ол түркі әлемін жаһанның алты қуатты орталығының бірі ретінде атады. Ал 2025 жылдың қазан айында Эзербайжанның Габала қаласындағы Түркі мемлекеттері ұйымы саммитіне де арнайы келді.

Әйтсе де, біз Мажарстанның жана жетекшісі Петер Мадиярды ел басқару ісінде жете танымаймыз. Ендігі сауал: Мажарстанның түркі жұртымен байланысын құбылтуы мүмкін бе? Өзгере қалған күннің өзінде, қай бағытқа ойысуы мүмкін? Дәл осы сауалға келгенде саясаттанушы Фазис Әбішев Мажарстанның түркі әлемімен байланысы айтарлық өзгере қоятынына сенбейтінін жеткізді.

– Кәзір халықаралық қатынастардың басым бөлігі прагматизацияланып бара жатыр деп ойлаймын. Яғни, барлық мемлекет, әсіресе орта деңгейдегі державалар көпвекторлы сыртқы саясат құруға ұмтылуда. Бұл саясат әртүрлі ұйым мен бағыттардың өзара қабаттасуымен сипатталады. Мысалы, Мажарстанды алсақ, ол түркі бағытында да белсенді әрі еуроатлантикалық векторы бар – Еуропалық одақ пен НАТО құрамына кіреді. Бұған қоса, Виктор Орбан Ресеймен де жақсы қарым-қатынас орнатуға тырысты, – дейді саясаттанушы.



Дауыс санау әлі жалғасады, сондықтан нәтижелер аздап өзгеруі мүмкін. Толық нәтиже 18 сәуірден кешікпей жарияланады. Бірақ жеңімпаздың аты өзгермейтіні айдан анық.

Сарапшының ойынша, осыған ұқсас жағдайды Түркиядан да көруге болады. Түркияның сыртқы саясатында белгілі бір жобалар иерархиясы бар: неосоциализм, еуроатлантизм, панисламизм және соңғы деңгейде пантүркизм. Түркия үшін барлық бағытта бірдей әрекет етіп, бейтарап мағынада айтқанда, өз ықпалын кеңейту жолы тиімді.

Дәл осындай тәсілді Қазақстан да қолданатынын айта кету керек. Қазақстан еуразияшылық, Қытаймен байланысы, Парсы шығанағындағы ислам мемлекеттерімен қарым-қатынас, Түркі бірлігі идеясы, сондай-ақ АҚШ-пен ерекше қатынас, Еуропалық одақпен кеңейтілген ынтымақтастық даңғылының бәрін қамтып отыр. Мұндай тандау саясатта қалыпты құбылыс саналады.

БІТІМСІЗ ҰСТАНЫМ – БІТПЕЙТІН ҰРЫС

Парсы шығанағынан тыныштық кеткелі, міне, бір жарым айдай уақыт өтті. АҚШ пен Израиль тарапының Иранға соққысынан кейін басталған қақтығыстар өткен аптада сәл саябырсығандай еді. Тіпті, Ормуз бұғазынан еркін жүзіп өтіп жатқан кемелерді де көрдік. Дегенмен кейінгі уақыттардағы келісімдер сәтсіз аяқталып, қақтығыстың ұшқыны қайта тұтанып отыр. Бұған қай тараптың позициясы себеп, келіспеушіліктің өзегі неде?

ЯДРОЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ БЕТАЛЫСЫ

Өткен демалыс күндері АҚШ пен Иранның дипломаттары үшін мазасыз өтті. Пәкістан астанасы Исламабадта екі тараптың делегациялары келіссөз орнатуға ниетті болған. 21 сағатқа созылған келіссөздің соңы ортақ мүддесіз, келіспеушілікпен аяқталып тынды. АҚШ президенті Дональд Трамп 13 сәуірде Астана уақытымен кешкі сағат 19:00-де маңызды мұнай жолы – Ормуз бұғазын Ираннан бұрын өзі бөгеу тастайтынын мәлімдеді. Ал ресми Тегеран Трамптың бұл әрекетінен түк шықпайды деп жауап қайтарды.

Негізгі өткен келіссөз қақтығыстардың түпкі себебін ашып көрсеткендей әсер қалдырды. Өйткені түптеп келгенде, дипломатия үстелінде Иран ядролық қаруға қол жеткізу мақсатынан айнымайтынын жеткізген. Саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедовтің айтуынша, АҚШ, әсіресе Израиль бұл тұсты өз қауіпсіздіктеріне тікелей қатер төндіреді деп бағалаған. Енді тараптар ирандықтардың мүддесін шектеуге тырыса берді – санкциялар енгізеді, саяси қысым жасайды, күш көрсетеді.

– Иран үшін ядролық бағдарлама тек қару мәселесі емес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы, өйткені ел ұзақ уақыттан бері сыртқы қысым жағдайында

өмір сүріп келеді. Сонымен қатар бұл – технологиялық тәуелсіздік пен елдің белден көрсету тәсілі. Ядролық бағдарлама – Иран үшін келіссөздердегі маңызды құрал, яғни өз ұстанымын күшейтетін көзін іспеттес.

Мәселе мұнымен шектелмейді. Таяу Шығыстағы ықпал үшін күрес ұзақ жылдан бері жалғасып келеді, ал Иран осы үдерісте белсенді рөл атқарады. Ол түрлі елдегі одақтастарын қолдап, өзінің аймақтық ықпалын кеңейтуге ұмтылады. Бұл жағдай АҚШ пен оның серіктестерінің аландаушылығын күшейтіп, жалпы текетіреті ушықтыра түспек, – дейді сарапшы.

Б.Нұрмұхамедов осы жерде тағы бір маңызды факторды атады. Екі тараптың ортасында өзара сенім жоқ. Бір келісімге келгеннің өзінде, оның орындала қалатынына толық сенбейді. Өйткені бұған дейін түрлі келісім жасалған, түгелі дерлік бұзылды. Демек, кез келген келісім уақытша сипатта болатыны секілді түсінік қалыптасқан.

– Ормуз бұғазы төңірегіндегі жағдай – осының айқын көрінісі. Бұғаздың ашылуы шиеленістің азайғанын білдіретін белгі ретінде қабылданады. Алайда ол да уақытша, тактикалық қадам ғана. Негізгі қайшылықтар шешілмегендіктен, біраз уақыттан кейін жағдай қайта ушығады. Жалпы алғанда, кәзіргі жағдай ұзаққа созылған текетірес сипатына ие. Тараптар

бір-біріне қысым көрсетіп, кейде шиеленісті азайтуға тырысады, бірақ түбегейлі келісімге келе алмай отыр. Ірі соғыстың болуы екіталай, өйткені оның салдары тым ауыр болмақ. Дегенмен жақын арада толыққанды шешім табу да оңай емес. Сондықтан шиеленіс толқын тәрізді қайталануы тұра береді, – деп түйіндеді саясаттанушы.

Тараптардың сәтсіз келіссөзден кейінгі өктем әрі агрессияға толы үндеулеріне қарап отырып, Парсы шығанағындағы жағдайдың таяуда реттеле қоятынына күдік бар.

«ҚАРА АЛТЫННЫҢ» ҚАРЫШТАУЫ

Геосаяси жағдай бөрінен бұрын тигізіп отыр. Ормуз бұғазынан шамамен әлемдік мұнайдың 20 пайызы өтеді. Егер жабық тұрса, «қара алтын» құны қайтадан қарыштайды деген сөз. Сарапшылар келіссөздерден кейін-ақ Brent-тің бір баррелі 150 долларға дейін қымбаттауы мүмкін деп болжады. 12 сәуірден бері үздіксіз көтерілген баға 102 доллардың маңайына жетті. Бұл берісі болуы да мүмкін.

Бұл жағдайдың зиянын бірінші болып АҚШ жұртының өзі тартқандай. Себебі Иранға шабуылдан кейін, көп өтпей елде жанармай бағасы 2 есеге жуық өсті. Нарық заңдылығына сай, жанармай қымбат-



Негізі өткен келіссөз қақтығыстардың түпкі себебін ашып көрсеткендей әсер қалдырды. Өйткені түптеп келгенде, дипломатия үстелінде Иран ядролық қаруға қол жеткізу мақсатынан айнымайтынын жеткізген.

таған жерде азық-түлік пен қызмет түрлерінің де бағасы құбылады. Түбінде көпірорындарға қысым түседі. Америкалықтар Трампқа артқан үміті инфляцияны тежеумен қабысып жатыр еді. Кәрі құрлықтағы жағдай да құбыла бастағанын өткен айда байқадық. Бұл елдерде де жанармай бағасы 15-20 пайызға қымбаттаған. Тіпті, шетелдерге арзан жанармай іздеп барып, сабылып жатқандар жетерлік. Кейбірі бағаны көтермеу үшін шектеу енгізуге әзір отыр.

– Түркі мемлекеттері ұйымы өз мүшелеріне қосымша қатаң міндеттемелер жүктемейді. Қазір оның форматы жалпы сипаттағы үйлестіру алаңы іспетті. Саяси консультациялар өткізуге және қажет болған жағдайда өзара саяси қолдау көрсетуге бағытталған. Яғни, бейнелеп айтар болсақ, «егер жағдай шиеленіссе, бірге барайық, ең болмаса куә болып тұрарсың» деген деңгейдегі ынтымақтастық. Сондықтан ұйым еш жағдайда Венгрияға қысым жасамайды. Керісінше, ол оған қосымша еркіндік пен халықаралық қатынастарға жол сыйлайды.

Осы себепті, егер билікке кенеттен түркі әлеміне түбегейлі қарсы көзқарастағы адам келмесе, Мажарстанның түркі бағытындағы саясаты айтарлықтай өзгеруі мүмкін деп ойламаймын. Басқа жағдайда, Мажарстан басшылығы Түркі мемлекеттері ұйымының саммиттеріне қатысып, үйлестіру жұмысына қосыла береді. Иә, бұл саммиттің жиі өтпейтінін білеміз, сондықтан ұйымның шешімі Венгрияға еш қатаң міндеттеме жүктемейді, – деп топшылады саясаттанушы Фазис Әбішев.

Саясаттанушы Қазбек Бейсебаевтың да көзқарасы осыған саяды. Оның ойынша, Мажарстандағы биліктің ауысуы таңғалатын дүние емес, қалыпты процесс.

– Біріншіден, мажар халқы саяси жүйедегі өзгерісті қалады. Виктор Орбан елді өте ұзақ басқарғаны жасырын емес. Өйткені Петер Мадиярды жастар жағы қолдағанын байқадық. Жаңа саяси билік келгеннен кейін қатты өзгеріс күте алмаймыз. Себебі Петер Мадиярдың өзі де Ресеймен ынтымақтастықты жалғастыратынын, себебі энергетикалық ресурстарға тәуелді екенін ашық айтты.

Иә, Виктор Орбан Түркі мемлекеттері саммитіне қатысып, байланыс орнатуға белсенді болды. Петер Мадияр келген соң бұл тұрғыда ешқандай өзгеріс болмайды. Өйткені мұнда тіл, мәдениет, тарихтың негізі бар. Бірақ одан да бөлек, экономикалық себептер жатыр. Қазақстанның мұнайына сұраныс бар, көп бөлігі Еуропаға экспортталады. Сондықтан Мажарстанның жаңа билігі түркі жұртымен қарым-қатынасты жақсартта береді, оған еш күмән болмауға тиіс. Оның үстіне Еуроодақ пен Түркі әлемінің бір-біріне еш қарсылығы жоқ, – дейді сарапшы.

Түйіндер болсақ, Мажарстандағы саяси науқан еш даусыз әрі қарсылықсыз, тараптардың бітіммен өтті деуге негіз бар. Тек Мажарстан Еуроодақпен кейбір мәселелерді реттеуі мүмкін, алайда Түркі жұртына қатысты жақындық ұстанымынан еш айнымайтын тәрізді.

Басқасын айтпағанда, әлемдегі екінші экономикасы бар Қытайдың өзі жағдайға алаңдай бастады. 2005 жылдан бері бұл ел Таяу Шығысқа 270 млрд доллар инвестиция құйған. Оның біразы қаттығыс кезінде соққыға қалды, 4,66 млрд доллар болатын тағы 12 жоба жоғары қауіп аймағында қалған. Қақтығыс ошағында қалған мыңдаған қытайлықтың өмірі тағы бар. Сол себепті Бейжің Иранды да, араб елдерін де сабырға шақырып, дипломатиялық тепе-теңдік сақтауға мәжбүр.

Дегенмен бөрінен бұрын Таяу Шығыстағы жағдайдың тікелей әсер етіп отыр. Осыған дейін еліміздің Иранға астық экспорты азайып жатқанын жазған едік. Әйтсе де, жағымды көрініс табатын тұстар да бар. Экономист Сапарбай Жобаевтың айтуынша, мәселені екіұдай бағалауға болады.

– Таяу Шығыстағы ахуал әлемдегі мұнай нарығына тікелей әсер етіп отыр. Мұнайдың бір баррелі 100 доллардан асты. Бірақ қазір біз бұған дейін жасалған форвардтық және фьючерстік келісімшарт негізінде 70-80 доллардан сатып жатырмыз. Ендігі келісімшарттарда баға жоғарылайды. Ол кезде қазақстандық мұнай компанияларының, Ұлттық қордың табысы көбейетіні даусыз. Яғни, бюджетке қосымша қаражат түсуіне оңай жол ашпақ, – дейді сарапшы.

Сапарбай Жобаевтың пікірінше, екінші тиімділік инвесторлардан болмақ. Өйткені инвесторлардың көбі осындай кезеңде шұлы аймақтардан шығып, тыныш аймақтарға инвестиция құяды. Яғни, екінші тұстан Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы жақсаруы мүмкін. Қазақстан мұнайдан түсетін табысты халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мен инфрақұрылымдық жобаларға жұмсауға тиіс.

Бірақ мәселелер де жоқ емес. Сарапшы елімізге Араб мемлекеттері де инвестиция құйып жүргенін, шиеленіске байланысты солардың біразы тоқтап тұруы ықтимал екенін еске салды. Оның үстіне, Иран – Каспийдің арғы бетіндегі көршіміз. Екіжақты сауда жақсы өсіп келе жатты, тауар айналымын 1 млрд долларға жеткізу үшін қос тарап біраз жұмыс атқарды.

Қалай алғанда да, мұнай құнының өсуі тек пайда әкелетін жағдай секілді көрінбегені абзал. Басқа қырынан экономикалық соққылар беруі мүмкін.

АЙМАҚ

14 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЫРЫЗДЫҚТЫҢ ТАМЫРЫ – ЖЕР,
ТІРЕГІ – ЕҢБЕК

Елдің басты астықты аймағы – Ақмола даласы тағы бір жауапты маусымның табалдырығында тұр. Дикан үшін көктемнің әр күні – жылға азық. Сондықтан өңір шаруалары биыл да уақытпен жарысып, тәуекел мен тәжірибені таразыға салып, ырыздықтың қамына ерте бастан кірісіп кетті. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының алдын ала болжамы бойынша, 2026 жылы егіс алқабы 5,6 млн гектарға жеткізілмек. Бұл – былтырғымен салыстырғанда, айтарлықтай өсім бар екенін айғақтайды. Яғни, дала төсіндегі қауырт еңбек көлемі ұлғайып, жауапкершілік жүгі де еселене түспек...

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРҒА
БЕТБҰРЫС

Жалпы, кейінгі екі жылда өңірде ауыл шаруашылығы құрылымын әртарапандыруға айрықша мән беріліп келеді. Әсіресе, табысы жоғары майлы дақылдарға бетбұрыс бары байқалады. Биыл олардың көлемі 578,7 мың гектарға жетіп, алдағы уақытта 600 мың гектарға жеткізу міндеті қойылып отыр. Бұл нарық талабына бейімделудің нақты көрінісі екені сөзсіз. Себебі әлемдік сұраныс өзгеріп жатқан кезеңде дикандардың тек дәстүрлі дәнді дақылдарға сүйеніп қалуы, экономикалық тұрғыдан үлкен тәуекел болмақ.

Алайда бұл үрдістің екінші жағы да бар. Дәнді дақылдар көлемінің 49 мың гектарға қысқаруы – астықты аймақ үшін аса ойланарлық мәселе. Астық тек өнім емес, елдің азық-түлік қауіпсіздігінің де тірегі емес пе? Сондықтан теңгерім сақталғаны да жөн сияқты.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, өңірде мал шаруашылығын дамыту жоспары биыл аса ауқымды. Бірақ бұл бағыттағы ең әлсіз түс – мал азығы. Биыл 377,9 мың гектарға мал азығы дақылдары егіледі деп жоспарланғанымен, іс жүзінде мұның әлі жеткіліксіздігі байқалған.

Мәселен, бірқатар ауданда өсім байқалғанымен, Ерейментау, Целиноград, Жар-



қайын аудандарында мал азығын дайындау, керісінше қысқарып кеткен. Бұл стратегиялық қателік болып қалмай ма? Себебі мал басын көбейтеміз дей отырып, оның жем-шөбін ұмыт қалдыру – болашақтағы дағдарыстың алғышарты сияқты.

Сондықтан облыс деңгейінде бұл көрсеткішті кемінде 260 мың гектарға жеткізу міндеті қойылып отыр. Бұл – жай ұсыныс емес, нақты талап.

«ЕКІНШІ НАН» НЕГЕ
ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛДЫ?

Картоп – халықтың күнделікті дастарқанынан түспейтін негізгі өнімдердің бірі екені даусыз. Соған қарамастан, биыл бірқатар ауданда оның да егіс көлемі біршама қысқарып қалғаны байқалады. Жалпы, 74,8 гектардан астам картоп алқабы қысқарып қалған. Дикан қауымының «екінші нанды» бұлайша азайтуына не себепкер болғаны түсініксіз шешім сияқты. Себебі картопқа деген сұраныс аймақта ешқашан төмендеген емес. Керісінше, ішкі нарықты толық қамту мен бағаны тұрақтандыру үшін бұл дақылға басымдық берілуі тиіс еді. Демек, жергілікті деңгейде жоспарлау мен нарық сұранысын ескеру арасында алшақтық бары анық аңғарылады.

Аймақта жусан мен арамшөп басып игерілмей қалған жер мәселесі аса күрделі. Прокуратура мен құқық қорғау органдарының тексерістерінің нәтижесінде, өңірде 74,4 мың гектар егістік жер әлі де болса мүлде игерілмей бос жатқан болып шықты. Кей аудандарда бұл көрсеткіш тіпті жоғары: Ерейментауда – 77,5 мың гектар, Біржан сал ауданында 36,5 мың гектарға жетіп жығылған. Бұл – жай ғана статистика емес, пайдаланылмай жатқан мүмкіндік екені айтпаса да түсінікті.

Өкінішке қарай, жердің мемлекеттің ең құнды ресурсы екені күні бүгінге дейін елеусіз қалып келе жатқаны алаңдатады. Ал оның тиімді игерілмей келе жатқаны басқару жүйесіндегі түзетуді қажет ететін олқылықтың әлі де басым екенін айғақтай түседі.

Зеренді ауданындағы шаруашылық басшысы Құлан Болатовтың сөзі саладағы шынайы жағдайдың айна-қатесіз көрсетіп берді.

– Қажетті ақпаратты табу қиын. Ғылыми ұсыныстарға қол жеткізу оңай емес. Біз көбіне тәжірибеге сүйенеміз, бірақ қазіргі жағдайда нақты ғылыми негіз ағадай қажет болып тұр, – дейді дақылды өсіруде біршама қиындыққа тап болған шаруа.

Бұл – тек бір шаруаның ғана пікірі емес, бүкіл саланың да ортақ мәселесі екені күнделікті өмірде жиі көрініс табады. Мамандардың пікірінше, бұрнағы жылдардағыдай емес, ғылым мен өндіріс арасындағы алшақтық туым ұлғайып кеткен. Бұл жойылмайынша, ауыл шаруашылығының тиімділігі толық артпайды.

КАДР ТАПШЫЛЫҒЫ –
ШЕШІМНІ КҮТКЕН ТҮЙІН

Түгін тартсаң, майы шығатын аса құнарлы жер болғанымен, аймақ дикандарын аса қатты алаңдатытын тағы бір өзекті мәселе – білікті мамандардың жетіспеуі. Әсіресе, техниканың тілін білетін әрі еш қиындықсыз тізгіндей алатын кадрлар жоқ. – Бұл – жыл сайын қайталанатын проблема. Шешімі де белгілі. Аграрлық және техникалық бағыттағы колледж түлектерін ауылға тарту қажет. Ол үшін нақты ынталандыру тетіктерін енгізу керек. Бірақ бұл бағытта жүйелі жұмыс әлі де жеткіліксіз болып отыр, – дейді Атбасар ауданы Есенгелді ауданынан дикан Нұрбай Жүсіпов.

Дегенмен «ауызды кү шөппен сүртуге» де болмайды. Олай деуге себеп – былтырғы жылы ауыл шаруашылығын қолдауға 1 трлн теңге бөлінуі жоспарланыпты. Оның ішінде 85,5 млрд теңге көлемінде субсидия қарастырылған. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының дерегіне, бүгінде 63,9%-ы төленіп үлгерген.

Аймақтағы дикан қауымына бұл – бұрын-соңды болмаған қолдау. Сонымен қатар жеңілдетілген лизинг «Кен дала-2» бағдарламасы арқылы да қаржыландыру жалғасып келеді. Алайда қаржының болуы түпкілікті нәтиженің кепілі емес. Қаражат тиімді игерілмесе, ол тек сан күйінде қалатынын ауылдағы шаруалардың тәжірибесі әлдеқашан көрсетіп қойған.

Саланың алға басқан қадамын кері шегеріп тұрған түйткілдің бірі – аймақтағы кейбір шаруашылықтардың қаржылық міндеттемелерін орындамауы аса алаңдатарлық күйге жеткен. Миллиардтаған теңге қайтарылмай отыр. Бұл – бүкіл жүйенің тұрақтылығына да аса елеулі қауіп төндірмек.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАНАРУ МЕН
ДАЙЫНДЫҚ ДЕНГЕЙІ

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, былтырғы егіс науқанына 12,5 мың трактор, 16,6 мың сепкіш, 1,5 мың жоғары өнімді кешен қатысады.

– Техниканың дайындық деңгейі сақалдай-сай деуге болады. Қазірдің өзінде шамамен 95 пайызға жеткен. Алдағы күндері толықтай өзір болмақ. Кейінгі жылдары өңірдегі дикан қауымының техника паркі айтарлықтай жаңарды. Бұл өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар 76,7 мың тонна жеңілдетілген жанаржағар май бөлінген. Бірақ мұнда да тәуекел бар: операторлар уақытында келісімшарт жасамаса, жанармай көлемі қысқаруы мүмкін, – дейді Ақмола облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадыраков.

– Саладағы кейінгі деректерге жүгінсек, өңірде 1,2 млн гектар жер жыртылып, ылғал жабу жұмыстары дер кезінде жүргізілген. 539,8 мың тонна тұқым толық дайындалған. Аймақта 39 тұқым шаруашылығы үздіксіз жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар минералды тыңайтқыштар көлемі де едәуір артып, биыл 433,5 мың тоннаға жетпек. Бұл былтырғымен салыстырғанда, айтарлықтай өсім барын көрсетеді. Яғни, агротехникалық дайындық жоғары деңгейде. Ендігі мәселе – осы мүмкіндікті тиімді пайдалану болмақ.

ҚАУІП ТЕ ЖОҚ ЕМЕС

Жер ырыздығын арттыруға ұмтылған дикан қауым маңдай терін сыпырып тастап, мол өнім алуға тырысқанымен, түрлі келеріден де көз ашпай тұр. Әсіресе, дәнді дақылдардың басты жауы шегіртке дауы биыл да өңір дикандарын біраз әбегірге салмақ. Құзырлы басқарма дерегіне, биыл 91,1 мың гектар алқап шегіртке қарсы өңдеуден өтпек. Сонымен қатар италиялық прудка қарсы 42,1 мың гектар дәрілеу күзделіп отыр. Бұл табиғи қауіптерге қарсы алдын ала жасалған маңызды қадам екені сөзсіз. Себебі, бір ғана зиянкес бүкіл еңбекті біржола жоққа шығаруы мүмкін.

P.S.

Ақмола өңірінің ауыл шаруашылығы тәжірибесі қалыптасқан, әлеуеті зор сала екені даусыз. Бірақ бүгінгі талап бұрынғыдан өзгеше. Өйткені, ендігі кезекте егінді егу және өнім алу жеткіліксіз. Яғни, тиімділікке барына ұмтылып, ғылым, басқару мәдениеті және жауапкершілік жүгін сезіне алу қажет. Жер – жомақ. Бірақ ол тек тілін тапқанға ғана ырыздық беретінін ұмытпайық.

ТҰРАН
ТӘЛІМБАҒЫ

Тартылған теңіздің тауқыметін тартқан Арал өңірін көгалдандыру тек ағаш отырғызумен шектелмейді. Бұл бірінші кезекте тұтас экосистеманы қалпына келтіру арқылы халықтың жайлы тұрмыс кешуіне бағытталған таза орта қалыптастырудың негізгі процесі саналады.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Арал теңізі маңы адамзат тарихында қолдан жасалған қателіктер салдарынан болған экологиялық апатты аймақ саналады. Бір кездері Сырдария мен Әмудария өзендерінің суын егістік алқапқа шамадан тыс бұру, тіршілік нәрінен еспесіз пайдалану Арал аймағының тарылып, экологиялық зардабының арттыруына әкеліп соқтырып отыр. Яғни, соның әсерінен теңіз деңгейі күрт төмендеп, бірнеше бөлікке бөлініп кетті.

Бүгінде теңіз табаны құрғап, су арнасы жүздеген шақырымға қашықтады. Теңізді өңір шөлді аймаққа айналды. Байырғы атакәсіптен береке қашты.

Теңіздің тартылуы өңірдің климаттық жағдайына да айтарлықтай әсер етіп тұр. Аймақта жылыну процесі байқалып, жазы аптап ыстыққа айналып, көктем мен күзде соғатын шаң мен тұзды дауылдар тұмса табиғатты лайлады. Мамандардың пікіріне сәйкес, Аралдан ұйытқып соққан тұзды дауылдар сол аумақтан асып түсіп, алыс аймақтардың да экологиялық ахуалына

зор зардабын тигізіп жатыр. Соның салдарынан өсімдіктер дүниесі де тоқырауға ұшырады. Кейінгі жылдары өңірде көп жағдайда шөлге төзімді өсімдіктер өседі. Жануарлар әлемінде де бұрынғыға қарағанда, аулантүрлілік айтарлықтай азайғаны жасырын емес. Дей тұрғанмен, аймақта әлі де болса сайғақ, түлкі, қоян секілді жануарлармен қатар, маусымдық құстардың кейбір түрлері мекен етеді.

Жалпы, ғылыми тұрғыда Арал өңіріне сексеуіл, жыңғыл секілді шөлге төзімді өсімдіктердің өзіндік пайдасы орасан екені дәлелденген. Мамандар мұндай өсімдіктер құмды тежеп, топырақ эрозиясын азайтып, қуаншылықты еңсеруде маңызды рөл атқаратынын айтып жүр. Атап айтқанда, сексеуіл өсімдігі құмға қорғаныш, желге төзімді болса, жыңғыл тұзды топыраққа бейім келетіні белгілі. Сонымен қатар жиде құрғақшылыққа төзімді келсе, бұталы өсімдіктер қорғаныш белдеулері үшін таптырмас шешім саналады.

Негізінен, өңірде Арал табанын жана экожүйе алаңына айналдыру, сексеуіл өсімдігін табиғи қорғаныс қалқаны ретінде пайдалану мақсатында жүйелі бастамалар қолға алынып жатыр. Соның негізінде Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл көшеттерін егуге бағытталған стратегиялық жоба кезең-кезеңімен іске асып келеді. Мемлекеттік деңгейде қолға алынған бұл жобаның тұзды шаңға тұншыққан аралдықтарға берері мол. Дей тұрғанмен, арнайы питомниктер ашып, бұл жұмыстың одан әрі жүйелендіру жоғары маңызға ие.

Осы орайда өңірдің экологиялық ахуалын еңсеруге негіз болатын бірегей жобаны жүзеге асыру назардан тыс емес. Соның ішінде алғашқылардың бірі болып жүйелі жұмысын бастаған «Тұран көшет питомнигі» жобасын айрықша атап өтуге болады.

Ұйымдастырушылар аталмыш жоба аясында жерасты суын игере отырып, қуаншылық басқан өңірді көгалды аймаққа айналдыруды басты мақсат тұтады.

– Жалпы, бұл жобаны жүзеге асыру көптен бері көкейде жүрген шаруа болатын. Бұған дейін жобаны сәтті қорғап шықтық. Жоба «Жаһандық экология қорының» қаржыландырылуымен жүзеге асырылды.

Жобаның негізгі мақсатына келсем, жерасты суын тұщытатып, қуаншылық басқан өңірді көгалдандыру мақсатында аяқсу ретінде пайдалану жоспарланған. Соның негізінде питомник құрып, түрлі көшет егу арқылы өңірді көгалды аймаққа айналдыруды көздейміз. Жобамыз бірнеше жылдан бері белгілі себептермен кейінге шегеріліп келді. Биыл ғана тәлімбақ жұмысын түбегейлі қолға ала бастады. Бұл бірінші кезекте Арал өңіріне өсімдіктердің сан алуан түрін отырғызу арқылы табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіруге негіз болатынына сенім зор, – дейді жоба жетекшісі Айнуыр Рысбаева.

Оның айтуынша, бірегей жобаның бастамасы да жаман емес. Арал қаласының батыс беткейінен арнайы белгіленген аумаққа питомник ісін жандандыру мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіле бастаған. Онда жергілікті сексеуіл көшеттерімен қатар түрлі өсімдіктер, Арал табиғатына тансық ағаш түрлерін жерсіндіруге күш салып жатқанын айтады. Сол аумақтан «Тұран бағы» деген атаумен тәлімбақ жұмысын жолға қойып қана қоймай, тұрғылықты халық серуендейтін жасыл желекті саябақ ашуды да көздейді.

Тарқатып айтсақ, тәлімбақтың жалпы аумағы шамамен 2 гектарды алып жатыр. Онда түрлі ағаш көшеті мен өсімдік түрлерін отырғызу жұмыстары қарқын алған. Атап айтқанда, 4 мың түп бұталы өсімдіктер, құм көшкінін тежеу мақсатында 1000 түп жергілікті сексеуіл, арнайы питомникте өсірілген 10 түптен 10 қатарға 200-дей шырша, туя сынды ағаш көшеттері жерсіндіріліп жатыр. Мұнан өзге алма, арша, 500 түптен астам қайың ағаштары, 100 түп кара тал, роза гүлі секілді өсімдіктің сан алуан түр жайқалып тұр.

– Алғашында питомник ашу ісінде тәжірибеміз аз болды. Сондықтан арнайы мамандардың ақыл-кеңесіне жүгіндік. Нәтижесінде, Меркі өңіріндегі түрік мамандары бізге көмекке келді. Тәлімбақтың алғашқы қаласын қадаған күннен бастап, көшеттерді отырғызу тәсілін менгеруге осы түріктердің ықпалы зор болды. Жуырда қатарымызға Аралдың жастарынан құрылған еріктілер тобы қосылды. Туған жерін қор-

кейтуге ынтасы асқак жастар тәлімбақ жұмысын түрлендіруге білек сыбана кірісіп кетті. Бұл да біз үшін үлкен қолдау болды, – дейді ол.

Негізінен өңірдегі «Тұран ойпаты – Арал теңізі» қоғамдық бірлестігі Аралдың экологиялық мәселелерімен тұрақты түрде айналысып келеді. Соның дәлеліндей, қоғамдық бірлестік төрағасы әрі жоба жетекшісі Айнуыр Рысбаева «Тұран көшет питомнигі» де бірегей жобаның жемісі ретінде түсіндірді.

Питомник жұмысын бір жүйеге түсірген соң сол аумаққа арнайы орындарды орнатып, халық серуендейтін саялы саябаққа айналдыру да – алдағы жоспарларының бірі. Осы арқылы шөлейтті өңірді, жасыл желегі жайқалған көгалды аймаққа айналдыруды көздейді.

«Тұран көшет питомнигі» жобасын жүзеге асыруда жергілікті құзырлы орындардың да қолдауын сезініп отырғанын алға тартады. Оның ішінде ауқымды жобаны қолдаушылар питомник жұмысының өшім-шөңдігіне сенім білдіреді.

– Жалпы, Арал өңіріндегі питомник ашу ісі ұзақ жылдар сараланып, ғылыми тұрғыда мақұлданған жоба. Яғни, тәлімбақ жұмысын жандандыру арқылы құрғаған теңіз табанын көгалдандыру, құм көшкінін тоқтату, экологиялық жағдайды жақсартуға үлкен сеп болатыны әлдеқашан дәлелденген. Өйткені питомник ашу экологиялық зардапты еңсеріп қана қоймай, орман шаруашылығының өркендеуіне де үлкен сеп болары сөзсіз. Соның ішінде «Тұран көшет питомнигі» жобасы сәтті қорғалып, «Жаһандық экология қорының» қолдауымен қаржыландырылып отыр. Өз тарапымыздан бұл жобаны қолдап, қолдан келген көмегімізді көрсетіп келеміз. Қазірдің өзінде тәлімбақта өсімдіктің сан алуан түрі Арал табиғатына жерсіндіріліп жатыр. Алда питомник жобасы Аралдың экологиялық ахуалын еңсеруге жол ашарына сеніммен қараймыз, – дейді «Барсақалмес» мемлекеттік табиғи қорының директоры Хамит Қаниев.

Жалпы, кейінгі жылдары Арал өңірін қайта қалпына келтіру бағытында көптеген іргелі жоба қолға алынып жатыр. Соның бірі – Көкарал бөгетін биіктету жобасынан тұрғылықты халықтың үміті зор. Осы арқылы өңірдің балық шаруашылығын да қайта өркендетуге мүмкіндік артады деп күтілуде.

Бүгінде Арал теңізінің тағдыры барша адамзатқа төнген ортақ қауіп ретінде қарастырылып келеді. Осы экологиялық қасіретті еңсеруде жергілікті жұртшылық «Тұран көшет питомнигі» жобасы Аралдың тұмса табиғатын қалыптастыруға аз да болса өз ықпалын тигізетініне сеніммен қарайды.

14 СӘУІР 2026 | СЕЙСЕНБІ

— Бекарыс, айтыс өнерінде атыңыз озып, мәреден үнемі алда көрініп жүрсіз. Әріптестеріңіз «Айтыстың киллері» деп ат қойғанын да жақсы білеміз. Өткен шаққа қайта оралсақ, айтыстың алғаш табалдырығын аттаған сәттеріңіз есіңізде ме?

— Бұл әңгімені әр сұхбатыма айтып келемін. Көпшілікке таныс жайт деп ойлаймын. Негізі, айтыскер ақын болу бала күнгі арманым болған емес. Кейде өмірде кездесіп қалғандай адам тағдырын мүлде басқа арнаға бұрып жібереді ғой. Алтыншы сыныпта оқып жүргенімде мектепшілік айтыс өтетін болды. Әр сыныптан бір оқушы қатысуға тиіс. Бірақ ол кезде айналамызда айтысқа түсетін, домбыра ұстап, суырып салатын бірде-бір оқушы жоқ. Айтыскерлерді тек теледидардан ғана көретінбіз. Сыныптың топ-басшысы болғандықтан, жауапкершілік маған жүктелді. Сол сәтте анам қолдау білдіріп, өлең жазып берді. Өзі де өнерге жақын, суырып салма қабілеті бар жан еді. Кейбір оқушыларға мұғалімдері көмектесіп, әйтеуір сол жолы сынып намысын қорғап шықтық. Сөйтіп, тек сыныпты құтқару үшін басталған бұл қалам кейін менің өмірлік бағытыма айналды. Аудандық айтыстарға қатыса бастадым. Қатар құрбыларымның өнерін көріп, қызығушылығым одан сайын артты. Оның үстіне, айтыстың қыр-сырын үйрететін ұстаздар жолығып, өнердің ішкі әлемін, эстетикалық ләззатын сезіндіре бастады. Содан кейін бұл өнерге деген құмарлық оянып, ақындық жолға қалай түскенімді өзім де аңғармай қалдым.

— Ақындық жол осылай басталған екен. Ал ең алғашқы қарсыласыңыз кім болды?

— Ең алғашқы айтысым әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Ол шағын ғана сыныпта өткен айтыс еді. Қарсыласым — қатарлас сыныптағы Меруерт деген қыз. Ол кезде айтыстың табиғатын, салмағын толық түсіне қоймаған баламын. Бар ойым — жаттап алған өлеңімді ұмытып қалмай, аман-есен айтып шығу ғана болды. Залда қанша адам отырғанын да, олардың кім екенін де аңғармаппын. Тек қарсыласымның Меруерт екенін білемін. Дайындап келген шумақтарымды айтып шықтық. Сыныптастарым әр тармақ сайын қол соғып, демеп отырды. Бір жағынан, сол қолдауға қуандым, екінші жағынан, өлеңімді ұмытып қалмайын деп іштей қатты толқидым. Сол сәт жадыма мәңгі сақталып қалды.

Жалпы, айтыста онай сәт болмайды. Өйткені оның бәрі «экспромт», бәрі аяқ астынан туындайды. Сол жерде сенің білімің де, ақындық шеберлігің де, тапқырлығың да, өз айта білуің де сынға түседі. Кейде алдын ала ойлап, жоспарлап барған дүниенің біреуі де кәдеге аспай қалуы мүмкін. Айтыс үстінде тосын жағдай туып, сөз басқа арнаға ауысып кетеді. Тіпті, қарсыласына қарата айтпақ болған ойыңды қазылар алқасы бөліп: «Сендердің әзілдесе алатындарыңды білеміз. Бірақ ел сендерден басқа мәселе күтеді», — деп, мүлде жана тақырып тастауы да мүмкін. Сондықтан айтыстың жеңілі тұсы жоқ.

Дегенмен ең жауапты сәт — елдің сөзін сөйлейтін, жұрттың намысы сынға түсетін кез. Ақынның мойнына артылатын жүкте, аманат та — елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтау. Егер өз басына қатысты сөзден тосылып қалсаң, ол мін саған ғана тиеді. Ал елдің сөзін қорғай алмай қалсаң, онда салмақ тұтас жұрттың абыройына түседі. Сондықтан ең бастысы — еліңнің ессен жібермеу, елдің намысын қорғап қалу. Мен үшін айтыстағы ең ауыр да, ең жауапты сәт — осы.

— Тәушен Әбуова, Манап Көкенов, Әселхан Қалыбекова, Ақмарал Леубаева, Маржан Есжанова... Түркістан облысының айтыс көшіні сүйреген кіл мықтылар еді. Көпшілігіңіз көзін көріп, тәлімін алған шығарсыз. Аға-апалардың ішінде кімді ұстаз санайсыз?

— Айтысқа қолымнан жетелеп алып шыққан адамды ұстаз дейтін болсақ, ол — анам Ұлбазар Сейдахметова. Алғашқы өлеңімді де, алғашқы айтысымды да тұтас жазып беріп, тіпті мақамына дейін тауып берген — сол кісі. Жалдында сақталған ән-жырды, бойындағы табиғи өнердің

Бекарыс Шойбеков — ақындар арасында «айтыстың киллері» атанған белгілі айтыскер. Бұл атақты оған әйгілі Шорабек ақын теліп берген. Айтыскерге айтылған бұл теңеу қарсыласын сөзбен тығырыққа тірейтін өткірлігі мен кез келген уәжге берер жауабының мергендігін білдірсе керек. Сөздің киесін сезініп, жүйесін таба білетін түркістандық арқалы айтыскермен сұхбат құрған едік. Ол айтыстағы жауапкершілік, қарсыласпен сөз қағыстыру мәдениеті, үлкен буынмен айтысудың өзіндік әдеби жайында кеңінен әңгімеледі.

Бекарыс ШОЙБЕКОВ,
айтыскер ақын:

Айтыс — СӨЗ МАЙДАНЫ: ӘР АҚЫННЫҢ ӨЗ ҚАРУЫ, ӨЗ ЖОЛЫ БАР

арқасында бізге үйретіп, өнерге баулыды. Анам кәсіби өнер адамы болған жоқ, қарапайым еңбек иесі еді. Соған қарамастан газет-журналды, кітапты көп оқитын, көзі ашық, көкірегі ояу жан болды. Үнемі ғибратты әңгімелер айтып, бізді рухани тұрғыда тәрбиелеп отырды. Теледидардан терме немесе дәстүрлі ән берілсе, арнайы отырғызып қойып тыңдататын. Тек тыңдатып қана қоймай, оның мәнін, әсерін түсіндіріп беретін. Кейін аудандық айтыстарға қатыса бастағанымызда, Қаныбек ағамыз бен Әселхан апайымыз жиырма-отыз баланы жинап, партаға отырғызып қойып, айтыстың қыр-сырын үйретті. Мен әлі күнге дейін айтып жүремің: Қазақстандағы тұңғыш ақындар мектебі 1988 жылы Отырар ауданында ашылған. Әл-Фараби атындағы Мәдениет сарайына аптасына екі-үш рет жиналып, бізге сағаттап дәріс өтетін. Сол себепті Қанекен мен Әселхан апайды өзімнің негізгі ұстаздарым деп есептеймін.

— Бірде Әсия Беркеновамен айтысыңызда: «Базардан келе жатып жолықтың-ау, базарға бара жатқан ұлыңменен» деген сөзіңіз есте қалыпты. Атынан ат үркетін аға-апалармен айтысқанда қобалжыған, жүрексіңген тұстар болды ма?

— Әрине, жасың жас, өзің әлі мектепте оқып жүрген кезің. Ал қарсы алдында Қазақстанның халық ақыны, тіпті Қырғызстанға танымал ақын тұрса, еріксіз қобалжысың, жүрексінесің, толқисың. Бірақ шегіңерге жол жоқ. «Шешінген судан тайынбас» дегендей, тәуекелге бел буасың. Басқа амал болмайды — бойыңдағы бар біліміңді, бар қабілетіңді салуға тура келеді. Атақты, абыройлы тұлғалармен айтысқанда, олардың мәртебесін, ел алдындағы беделін ескермеу мүмкін емес. Сол құрметті сақтай отырып, өз сөзіңді өткізуге, өз ұпайыңды түгелдеуге тырысасың. Ең бастысы — сол сәтте жол табу. Жалпы, әр айтыстың өз жауапкершілігі бар. Бірақ өзіңнен әлдеқайда жасы үлкен, атақ-абыройы асқан, халыққа сүйкімді аға-апалармен айтысудың жөні мүлде бөлек. Ондайда сөздің салмағы да, әдебі де, өлшемі де өзгеше болады.

— Айтыс ақындарының жазба поэзияға қарағанда артықшылығы неде?

— Мұнда ақындардың артықшылығы немесе кемшілігі туралы сөз қозғау дұрыс емес. Өйткені бұл — екі бөлек әлем, екі түрлі бағыт. Әрқайсысының өзіне тән жанрлық ерекшелігі, өзіндік табиғаты бар. Оны бір өзеннің қос арнасына теңеуге болады: екеуі де өз жолымен, өз ағысымен

қатар ағып жатады. Бірін екіншісінен жоғары қоюға немесе артық-кем деп бағалауға негіз жоқ. Сондықтан мұндай құбылыстарды салыстырудан гөрі, олардың ішкі жанрлық ерекшеліктерін саралап, әрқайсысын өз болмысымен таныған әлдеқайда дұрыс.

— Есімі танылған адамдардың (әсіресе, айтыста танылғандар) саясатқа араласқанын құп көресіз бе?

— Иә, құп көремін. Бірақ кез келген адамның қолынан саясат келе бермейді. Өте атақты, елге сыйлы азамат болуы

табу қиын. Ал егер қызметтің ауқымы мүмкіндік беріп, арасында сұранып барып, айтысқа қатысуға жағдай жасалса, ондай ақындар өнер мен қызметті қатар алып жүре алады. Бүгінде сондай үйлесімді тапқан ақындар да аз емес.

— «Заманбек өзін-өзі қалай атса, Жошыны ақсақ құлан солай тепкен» деген айтыстағы жауабыңыз көпшілікке кең таралып кетті. «Айтыстың киллері» деп осындай өткір сөз, ұтымды жауаптарыңыздан кейін айтылып жүр ме?

«Ақынның сахнадағы ғұмыры, ең алдымен, Алланың қалауына байланысты. Одан кейін оның шығармашылық қуатына келіп тіреледі. Ал қалған себептер әркімде әртүрлі. Жеке бастың жағдайы, отбасы, өмірлік таңдау — бәрі әсер етуі мүмкін. Кейбірі жаңа бағыт іздеп, басқа арнаға бет бұрады.»

мүмкін, алайда саясат — өз алдына бөлек әлем. Оның өз тәртібі, өз ережесі, өзіне тән қыр-сыры бар. Кейде ел ішінде абыройы асқан адамның билікке барып, сол беделімен-ақ нәтижелі жұмыс істеп кетеді деп ойлау — жаңсақ түсінік. Өйткені мемлекеттік қызметтің де, қоғамдық қызметтің де өзіндік жүйесі, талаптары қалыптасқан. Әрине, біз елге танымал тұлғаларға арқа сүйейміз, олардың биікте жүргенін қалаймыз. Бірақ ең бастысы — сол қызметке істің көзін білетін, жүйесін менгерген, елге нақты пайда әкеле алатын азаматтардың келгені дұрыс.

— Саясат демекші, қызметте жүрген ақынның айтысқа шығуына кедергілер көп бола ма?

— Қазіргі ақындардың дені белгілі бір қызметте жүр десек, артық айтқандық емес. Әрқайсысының үлкенді-кішілі міндеті бар. Ал ауқымды, жауапты қызметте жүргенде, айтысқа шығу тегілі, оны ойлауға да мұрша болмайтын сәттер жиі кездеседі. Мұны өз басымнан өткердім. Түркістан облысында білім бөлімін басқарған жылдары айтысқа қатысу былай тұрсын, қарамағымдағы жүздеген мекемені толық аралап үлгеру де оңай болмады. Ондай жағдайда айтысты ойлау мүмкін емес. Сондықтан жауапкершілігі жоғары қызметке келген адам үшін айтысқа уақыт



— Біз жалпы ақындарға, өнер адамдарына олардың бойындағы ерекшелігіне қарай ат қойып, айдар тағуды жақсы көретін халықпыз ғой. Егер ол, шын мәнінде, жарасып тұрса, оның да жөні бар деп ойлаймын. «Айтыстың киллері» деген тіркесті өз басым алғаш рет Шорабек ағамыздың аузынан естідім. Жаңылмасам, 2000 жылы Алматыда өткен айтыста

айтылған еді. Сол айтыста бір шумағының соңғы жолында қолданған болатын. Содан бері бұл атау ел аузында қалып, белгілі бір сипатқа айналып кеткендей.

— «Балуанға оң-солы бірдей» демекші, ақын да қарсыласты солай қабылдай ма? Мүмкін кейде қарсылас тура келмейтін тұсы болатын шығар.

— Бұл сөздің айтысқа қаншалықты үйлесетінін нақты айта алмаймын. Өйткені әр ақынның өзіне тән ерекшелігі бар. Айтыс та бір жағынан күрес секілді — қарсыласың да саған дайындалып келеді, өзіне тиімді әдісін іздейді, сөзін солай құрайды. Сондықтан қарсыластың деңгейіне, ақындық қуатына қарай сен де сөзіңді сайлайсың. Әр айтыс — бөлек әлем, бөлек жауапкершілік. Өз басым «оны да бір, солы да бір» деген ұстанымда емеспін. Ең бастысы, әр айтысқа барынша жауапкершілікпен қарап, сол долада абыроймен шығуды ғана мақсат етеміз.

— Айтыс ақынының сахнадағы ғұмыры ұзақ болмайтын секілді. Жазба поэзияға баруға үркеттейсіз бе? Жалпы, айтыс ақындары сахнадан кеткен соң немен айналысады?

— Ақынның сахнадағы ғұмыры, ең алдымен, Алланың қалауына байланысты. Одан кейін оның шығармашылық қуатына келіп тіреледі. Ал қалған себептер әркімде әртүрлі. Жеке бастың жағдайы, отбасы, өмірлік таңдау — бәрі әсер етуі мүмкін. Кейбірі жана бағыт іздеп, басқа арнаға бет бұрады. Жалпы, сахнадан қанша ақын кетсе, әрқайсысының өз себебі бар. Бірақ айтыстың тарихына көз жүгіртсек, өмірінің соңына дейін осы өнерден қол үзбей өткен ақындар да аз емес. Мысалы, Тұрар Байсариев, Әселхан Қалыбекова сынды тұлғалар айтысқа ғұмырын арнаған жандардың қатарында.

— Кейінгі жылдары айтыста Түркістан облысынан шыққан ақындар азайып кетті. Бірлі-жарым болмаса, жаңа есімдер көп айтыла бермейді. Мектеп үзіліп қалған жоқ па?

— Түркістан облысынан шыққан ақындар азайған жоқ, керісінше көбейді деуге болады. Қазіргі айтыстарға көз жүгіртсек, былтыр бір жылдың өзінде 64 республикалық айтыс ұйымдастырылған. Соның бәрінде болмаса да, көбінде кем дегенде екі-үш ақын біздің облыс атынан қатысып жүр. Түркістан облысы қайта құрылғаннан кейін кейінгі 2-3 жыл ішінде «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілер» халықаралық одағының облыстық филиалы ашылып, өз алдына жұмысын жолға қойды. Оны айтыскер ақын Тұрар Тілеулиев басқарады. Қазір осы филиал құрамында оншақты айтыскер ақын бар. Сонымен қатар өнер мектептерінде өсіп келе жатқан жас буын да қалыптасып келеді.

Облыстық Мәдениет басқармасы мен әкімдік тарапынан да айтыс өнеріне қолдау көрсетіліп жатыр. Ақындарға арнайы ұлттық киім тігіліп, шығармашылық ұжым ретінде қалыптасуына жағдай жасалған. Бұл қолдаудың нақты нәтижесі де бар. Кейінгі екі жылда өткен республикалық командалық айтыста Түркістан облысының ақындары бірінші орын иеленді. Ал «Асыл домбыра» республикалық командалық айтысында финалға дейін жетіп, екінші орын алды. Бұл құрамда Әмірбақан Жақыпбек, Аян Ниязбек, Ахметрасул Байнбай, Дәурен Ақсақалов, Қажымұқан Абзалов сынды мықты ақындар өнер көрсетті. Бұдан бөлек, жыршы, термеші, күйші өнерпаздарымыз да түрлі республикалық айтыстарға қатысып жүр. Жалпы алғанда, бұл бағытта Түркістан облысы ешкімге ессен жіберіп отырған жоқ.

— Әңгімеңізге рақмет!

Әңгімелескен
Гүлзина БЕКТАС,
Сыбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(717) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талпырыс №4724

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,